

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

ҚАРАҒАНДЫ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

А. Б. Куанышева

Латын тілі және фармацевтика терминологиясының негіздері

Оқу құралы

Қарағанды
2019

УДК 61 (038) = 512.122
ББК 52.88я2 = 81.2 Лат
К 88

Рецензентер:

А. С. Адилова – Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің қазақ тілі білімі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы.

А. Т. Бактыбаева – С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-нің орыс тілі және кәсіби орыс тілі латын тілі курсымен кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты.

С. Ж. Давренбеков – Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің химиялық мәселелер институтының жетекші ғылыми қызметкері, химия ғылымдарының докторы, профессор.

А. А. Цой – С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-нің орыс тілі және кәсіби орыс тілі латын тілі курсымен кафедрасының доценты, педагогикалық ғылымдарының докторы.

К 88 Куанышева А. Б. Латын тілі және фармацевтика терминологиясының негіздері: Оқу құралы / А.Б. Куанышева. – Қарағанды, 2019. – 160 б.

Оқу құралы «**Латын тілі және фармацевтика терминологиясының негіздері**»

Оқу құралдың мақсаты – кәсіби құзыреттілік ажырамас бөлігі болып табылатын болашақ провизорлардың (фармацевтердің) терминологиялық біліктілігін қалыптастыру.

Оқу құрал медициналық жоғары оқу орындарындағы «Фармация» мамандығы бойынша студенттерге арналған. Осы оқу құралды «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығының студенттері де пайдалана алады.

УДК 61 (038) = 512.122
ББК 52.88я2 = 81.2 Лат

«ҚМУ» КеАҚ Академиялық Кеңесінің отырысында талқыланды және мақұлданды. 20.02. 2019ж. Хаттама № 5

«ҚМУ» КеАҚ Ғылыми Кеңесі мақұлдаған және жариялауға ұсынылған. 28.02. 2019ж. Хаттама № 9

Мазмұны

АЛҒЫСӨЗ.....	5
1. ФОНЕТИКА: АЛФАВИТ, ДАУЫСТЫ, ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР-ДЫҢ, ДИФТОНГТАРДЫҢ, ӘРІП ТІРКЕСТЕРДІҢ АЙТЫЛУЫ.....	7
2. ЕКПІН ЕРЕЖЕСІ.....	10
3. ЕТІСТІК. ЕТІСТІКТІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРЫ. БҰЙРЫҚ РАЙ. ШАРТТЫ РАЙ.....	13
4. ЗАТ ЕСІМ. I СЕПТЕУ. ҚИЫСПАҒАН АНЫҚТАУЫШ. – Е-ГЕ АЯҚТАЛАТЫН ГРЕК ТІЛІНДЕГІ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ СЕПТЕЛУІ. ТАБЫС СЕПТІГІНДЕГІ ТУРА ТОЛЫҚТАУЫШ.....	18
5. РЕЦЕПТ. РЕЦЕПТ ҚҰРЫЛЫМЫ. РЕЦЕПТІНІҢ ЛАТЫН БӨЛГІНІҢ ЖАЗЫЛУЫ. ТАБЛЕТКАЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	24
6. АШЫҚ РАЙДАҒЫ НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ЫРЫҚСЫЗ ЕТІС ФОРМАЛАРЫНДАҒЫ ЕТІСТІКТЕРДІҢ ЖІКТЕЛУІ. «ESSE» - БОЛУ ЕТІСТІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ.....	32
7. СӨЗ АЛДЫНА ҚОЙЫЛАТЫН КӨМЕКШІ СӨЗДЕР АРҚЫЛЫ МЕНҒЕРУ. ЖАЛҒАУЛЫҚТАР.....	35
8. ЛАТЫН СӨЙЛЕМДЕРІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ОРЫН ТӘРТІБІ. ЛАТЫН ТІЛІНДЕГІ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	41
9. II СЕПТЕУ. –ER–ГЕ АЯҚТАЛАТЫН ЗАТ ЕСІМДЕР. ДӘРІЛІК ҚАЛЫПТАР. СУППОЗИТОРИЙЛЕРДІҢ ЖАЗЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	43
10. I ТОПТАҒЫ СЫН ЕСІМДЕР. СЫН ЕСІМДЕРДІҢ ЗАТ ЕСІМДЕРМЕН ҚИЫСУЫ. I ТОПТАҒЫ СЫН ЕСІМДЕРДІҢ СЕПТЕЛУІ. СЫН ЕСІМДЕРДІҢ ШЫРАЙЛАРЫ. БҰРЫС ШЫРАЙЛАР.....	50
11. ТРИВИАЛЬДЫ АТАУЛАР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК.САУДА АТАУЛАРЫНДАҒЫ СӨЗЖАСАМНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТИЛЕРІ.....	57
12. II ТОПТАҒЫ СЫН ЕСІМДЕР. II ТОПТАҒЫ СЫН ЕСІМДЕРДІҢ СЕПТЕЛУІ. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ЫРЫҚСЫЗ ЕТІСТЕРДІҢ НАҚ ОСЫ ШАҚТАҒЫ ЕСІМШЕСІ. ЫРЫҚСЫЗ ЕТІСТЕГІ ӨТКЕН ШАҚ ЕСІМШЕСІ.....	64
13. РЕЦЕПТІЛЕРДЕГІ КӨПҚҰРЫЛЫМДЫ АТАУЛАР. МАЙЛАР-ДЫҢ АТАУЛАРЫ. СПИРТТЕРДІҢ АТАУЛАРЫ.....	70
14. ДӘРІЛІК ҚҰРАЛДАРДЫҢ НОМЕНКЛАТУРАСЫ. НОМЕНКЛАТУРАЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ТИПТІК ТОПТАРЫ. 1-2 ТИПТІК ТОПТАР.....	77
15. НОМЕНКЛАТУРАЛЫҚ АТАУЛАРДЫҢ 3-ШІ ТИПТІК ТОБЫ. ГЛИКОЗИДТАР. АЛКАЛОИДТАР.....	80
16. ЖАНУАР ТЕКТЕС ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫҢ ТРИВИАЛЬДЫ	

АТАУЛАРЫ. ГОРМОНДАР. ВИТАМИНДЕРДІҢ АТАУЛАРЫ. ФЕРМЕНТТІ ПРЕПАРАТТАР МЕН ФЕРМЕНТТЕРДІҢ АТАУЛАРЫ.....	85
17. 4 ЖӘНЕ 5-ШІ ТИПТІК ТОП. ПРЕПАРАТТАРДЫҢ САУДА АТАУЛАРЫ. ЛАТЫН ТІЛІНДЕ САУДА АТАУЛАРЫН ГРАММАТИКАЛЫҚ РӘСІМДЕУ.....	88
18. ҒЫЛЫМИ-БОТАНИКАЛЫҚ НОМЕНКЛАТУРА ТУРАЛЫ ТҮСІНІК. БОТАНИКАЛЫҚ НОМЕНКЛАТУРАДАҒЫ ЖӘНЕ ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫҢ НОМЕНКЛАТУРАСЫНДАҒЫ ӨСІМДІКТЕР АТАУЫ.....	93
19. ЛАТЫН ТІЛІНДЕГІ ХИМИЯЛЫҚ НОМЕНКЛАТУРА. ҚЫШҚЫЛДАРДЫҢ АТАУЛАРЫ. ОКСИДТЕР МЕН ГИДРОКСИДТЕРДІҢ ЛАТЫН АТАУЛАРЫ	97
20. ЛАТЫН ТІЛІНДЕГІ ХИМИЯЛЫҚ НОМЕНКЛАТУРА. ТҰЗДАР АТАУЛАРЫ	104
21. ІІІ СЕПТЕУ: НЕГІЗІН АНЫҚТАУ, СӨЗДІК ФОРМАСЫ. ІІІ СЕПТЕУДЕГІ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ТИПТЕРІ.....	112
22. ІІІ СЕПТЕУДЕГІ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ТЕГІ. ІІІ СЕПТЕУДЕГІ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ТЕГІН АНЫҚТАУ. ІІІ СЕПТЕУДЕГІ АТАЛЫҚ ТЕГІНДЕГІ ЗАТ ЕСІМДЕР.....	116
23. ІІІ СЕПТЕУДЕГІ АНАЛЫҚ ТЕГІНДЕГІ ЖӘНЕ ОРТА ТЕКТЕГІ ЗАТ ЕСІМДЕР. ТЕК ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕРДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР.....	120
24. ІІІІ-V СЕПТЕУДЕГІ ЗАТ ЕСІМДЕР. «SPECIES» СӨЗІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ.....	126
25. РЕЦЕПТІЛЕРДЕГІ ҚЫСҚАРТУЛАР.....	131
26. САН ЕСІМ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТ. ФАРМАЦЕВТИ- КАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҮСТЕУЛЕР.....	139
27. КЛИНИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ. ТЕРМИН-ЭЛЕМЕНТТЕР (ТЭ) ТУРАЛЫ ТҮСІНІК. КЛИНИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДЕГІ ЕКПІН.....	143
28. ҰЛПАЛАРДЕРДЕГІ, МҮШЕЛЕРДЕГІ, ЖЫНЫСТАҒЫ, ЖАСТАҒЫ ГРЕК-ЛАТЫН ДУБЛЕТТІ АТАУЛАР.....	150
29. ГРЕК-ЛАТЫН ДУБЛЕТТЕРІ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТЭ.....	153
30. ТҮРЛІ ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ, САПАЛАРДЫ, ҚАТЫНАСТАРДЫ БАСҚАНЫ БЕЛГІЛЕЙТІН ЖЕКЕ ТҮРДЕГІ ТЭ... ӘДЕБИЕТ.....	156 158

АЛҒЫСӨЗ

Бүкіл жоғары білім беру жүйесінің жаңартылуы, қазақстандық университеттердің біртұтас әлемдік білім беру кеңістігіне кіруі, студенттердің академиялық жұмылғыштығы бағдарламаларының жүзеге асыруы жағдайында бейімделуге қабілетті, кәсіптік және жалпы мәдени құзыретті дәрігерлер, дәрішілер мамандарын дайындау сапасы туралы мәселе қазіргі уақытта аса маңызды өзекті мәселелерінің бірі болып тұр.

Болашақ дәрігердің кәсіби құзыреттілігінің ажырамайтын бөлігі - медициналық терминологияны білу және оны пайдалана алу. Терминологиялық құзыреттілік бастапқыда еуропалық білім берудің және болашақ дәрігерлер мен дәрішілерді оқытудың біріктірілген үдерісінің құрамдас бөлігі болып табылатын латын тілі сабақтарында оқытылады.

Ұсынылатын оқу құралы 5B110300 – «Фармация» мамандығы бойынша оқитын медициналық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған үлгілік бағдарламасына сәйкес құрылған және пәннің барлық негізгі мәселелерін қамтып отыр.

Оқу құралының құрылымы 15 тәжірибе сабағы және оқытушының басшылығымен студенттердің өздік жұмыстары аясындағы 15 сабақты қамтитын латын грамматикасы бойынша 30 тақырыпты меңгеруге бағытталған. Әрбір тақырып жаңа теориялық материалды қарастыру, лексикалық минимумды пысықтау және жаттауға арналған машықтандыру жаттығуларын орындауды қамтиды.

Оқу құралында ұсынылатын теориялық материалдың ішіне кәсіптік қолданушылық міндеттерімен шектелетін көлемінде латын грамматикасының элементтері кіреді. Теориялық ережелерге фармацевтикалық тақырыптағы көрнекі материал беріледі. Есте сақтауға ыңғайлы және жүйелі болу үшін грамматикалық материал сызбалар мен кестелер түрінде берілген.

Оқу құралында берілетін машықтандыру жаттығулары күрделілік деңгейі, типологиялық сипаттамалары бойынша өзгешеленіп, зерттелетін тақырыптың грамматикалық материалы мен лексикалық минимумын пысықтауға бағытталған тапсырмалардан тұрады. Осы курстың мақсаттарына сәйкес әрбір дерлік тақырыптың ішіне рецепттердің мазмұны мен күрделілігі әрбір жаңа тақырыппен арттырылатын рецепттерді құруға, оларды қазақ тілінен орыс тіліне және орыс тілінен қазақ тіліне аудару бойынша көптеген тапсырмалар енгізілген.

Оқу құралында 600 бірлікке жуық мөлшерінде ұсынылған лексикалық минимумның ішіне рецепттерде және болашақ дәрішілердің тілдік тәжірибесінде жиі қолданылатын терминдер, терминоэлементтер және лексемалар тізімі беріліп тұр, олар: дәрілік қалыптар атаулары, өсімдіктер, өсімідіктер бөліктерінің, дәрі-дәрмектердің атаулары, химиялық элементтердің, тұздар, қышқылдардың атаулары, стандартты рецептуралық тұжырымдамалар, рецепттерде қолданылатын демеулік құрамалары, сондай-ақ, дәрі-дәрмектердің атауларында қайталанатын және белгілі бір ақпарат беретін жиілік бөліктер.

Лексикалық минимум сөздің бірнеше өзгешелігі есепке алынып құрылған: 1) сөзді қолданудың жиілігі 2) сөздің тақырыптық маңыздылығы 3) туынды сөздер жасалуының өнімділігі.

Медициналық жоғары оқу орындарының студенттері үшін латын тілін білуі болашақ мамандардың толымды кәсіптік-іскерлік қарым-қатынастарға түсу мүмкіншіліктерін арттыратындықтан, оқу құралының соңында берілген әдебиеттер тізімі студенттерге осы пәннің мазмұнымен тереңінен танысуға мүмкіндік тудырады.

1. ФОНЕТИКА: АЛФАВИТ, ДАУЫСТЫ, ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ, ДИФТОНГТАРДЫҢ, ӘРІП ТІРКЕСТЕРДІҢ АЙТЫЛУЫ

ӘЛІПБИ

Классикалық латын әліпбиінде 24 әріп бар. Қабылданған латын тілінің айтылуы дәстүрге негізделген және біздің күнге дейін жетуі латын тілін үйренудің үзіліссіздігімен байланысты. Келтірілген айтылулар классикалық латынның дыбыстық жүйесінде Батыс Рим империясының болуының соңғы кезеңіндегі болған өзгерістерді көрсетеді.

Жазбаша классикалық дәуірде **j** (йота) әрпі болмады.

жазылуы	атауы	айтылуы	жазылуы	атауы	айтылуы
A a	а	[а]	N n	эн	[н]
B b	бэ	[б]	O o	о	[о]
C c	цэ	[ц, к]	P p	пэ	[п]
D d	дэ	[д]	Q q	ку	[-]
E e	э	[э]	R r	эр	[р]
F f	эф	[ф]	S s	эс	[с, з]
G g	гэ	[г]	T t	тэ	[т]
H h	ха	слабое [г, х]	U u	у	[у]
I i	и	[и, й]	V v	вэ	[в]
J j	йот	[й]	X x	икс	[кс]
K k	ка	[к]	Y y	ипсилон	[и]
L l	эль	[ль]	Z z	зэта	[з]
M m	эм	[м]			

Дауысты дыбыстардың оқылуы

Латын тілінде ұзақ және қысқа дауысты дыбыстар бар, олар жазуда ұзақтық (ˉ) және қысқалық (˘) белгілерімен көрсетіледі. Бергі латын тілінде дауысты дыбыстар арасындағы сандық айырмашылықтары жоғалып кетті және қазіргі заманғы оқылымда айтылмайды, бірақ оларды білу бірқатар жағдайларда қажет.

Әріп A a - [a]: *tabulletta* [табул'л'этта] – таблетка.

Әріп O o - [o]: *bolus* [бол'ус] – саз, балшық.

Әріп E e - [э]: *herba* [хэрба] – шөп.

Әріп Y y - [и]: *amylum* [амил'ум] – крахмал.

Әріп U u - [у]: *linimentum* [л'инимэнтум] – жақпамай.

I i әрпі сөздің басында дауысты дыбыстың алдында немесе сөздің ортасында дауысты дыбыстардың арасында дауыссыз [й] дыбысын білдіреді, мысалы, *Iuniperus* [йуніпэрус] – арша, *Troia* [трóйа] – Троя.

Басқа позицияларда *I i* әрпі [и] дауысты дыбысын білдіреді, мысалы, *Ribes* [рибэс] – қарақат; *Salvia* [сальвиа] – сәлбен, *Linum* [л'инум] - зығыр.

Дифтонгтардың (диграфтың) оқылуы

Дифтонг – бір дыбыс немесе буын ретінде айтылатын екі дауысты дыбыстың тіркесі.

ae [э]: *ae* -[э]: *aether* [этэр] – эфир, *Althaea* [алтэа] - жалбызтікен;
oe [о]: *Foeniculum* [фөникулюм] - фенхель, дәрілік аскөк;
au [а^y]: *Raunatínium* [раунатíну́м] - раунатин; *Aurum* [аурум] - алтын;
eu [э^y]: *Eucalyptus* [эукалиптус] - эвкалипт; *Európa* [Эуропа] - Европа;
Айрықша ескертпе:

1. *eu* комбинациясы дифтонг болып табылмайды және сөздің соңында келсе, екі дыбыс ретінде оқылады: *méus* [мэ'ус] - менікі.

2. Егер айтылған тіркес әріптердің бірінің үстінде ұзақтық (˘), қысқалық (˘) немесе (˘) бөліп оқу белгісі тұрса, тіркес екі дыбыс ретінде оқылады *aéra* - [э'ра], бірақ *Calanchoë* [кал'анхоэ] – каланхоэ, *Aloë* [алёэ] – Алоэ, сабур, *aër* [аэр] – ауа.

Дауыссыз дыбыстардың оқылуы

Латын тіліндегі дауыссыз дыбыстардың орыс тіліндегі ұқсас дауыссыз дыбыстардан өзгешелігі жоқ. Тек келесі дыбыс қана ерекше.

Жартылай жұмсақ дыбыс [л^b] - [л^b] – қатты [л] және жұмсақ [ль] арасындағы орта дыбыс болып табылады, *micilāgo* [муцил^bаго] - шырыш.

[г^x] дыбысы дауысты дыбыс алдында шамалы қырылдап айтылады, ол неміс тілінің [h] немесе қазақтың [Ғ] дыбысына ұқсас: *Hydrogénium* [г^xидрогэ'ниум] – сутегі, *Helianthus* [г^x элиантус] – күнбағыс, *hydricus* [г^x идрикус] – сұйық.

Х х [кс]: *Oxygenium* [оксигэниум] - өттегі

Латын әліпбиінің кейбір әріптері позицияға байланысты екі дыбысты білдіреді.

С с әрпі:

- *e, i, y, ae, oe* алдында [ц] дыбысын білдіреді, мысалы, *acetas* [ацэтас] - ацетат; *acidum* [ацидум] - қышқыл; *Hyoscyāmus* [хиосциамус] - меңдұана; *cáelum* [цэл ум] – аспан;

- басқа жағдайларда [к] дыбысын білдіреді, мысалы, *Caléndula* [кал^b э'ндул^bа] - қырмызыгүл; *Coffeínium* [кофе́и́ну́м] – кофеин, *extractum* [экстрактум] – сығынды, *carbo* [карбо] – көмір, *collodium* [кол'л'одиум] – колодий, *decoctum* [дэкоктум] – қайнатпа, *Zincum* [цинкум] – мырыш және т.б.

S s әрпі:

– дауысты дыбыстардың арасында [з] дыбысын, мысалы, *rosa* [ро́за] - раушан *suppositorium* [суппозиториум] - суппозиторий;

- басқа жағдайларда [с] дыбысын білдіреді - *Salvia* [сал'виа] – сәлбен, *suspensio* [суспэнзио] – суспензия.

ss – [сс] - *massa* [масса] – масса.

Әріп тіркесінің оқылуы

qu әріп тіркесі [кв] деп оқылады, мысалы, *áqua* [аква] – су, *quartus* [квартус] – төртінші, *quantum satis* [квантум сатис] – керегінше.

gu, ngu, su әріп тіркестері дауысты дыбыстардың алдында [гв], [нгв], [св] деп оқылады, мысалы, *unguentum* [унгвэ'нтум] – жақпамай, *suavis* [свáвис] – тәтті. Бірақ: *gutta* [гútта] - тамшы, өйткені *gu* - дауыссыз дыбыстардың алдында.

ti әріп тіркесі келесідей оқылады:

- [ци] - егер ол дауысты дыбыстың алдында тұрса және алдында *x, t, s* әріптері жоқ болса, мысалы, *solutio* [сол'úцио] - ерітінді;

- [ти] - басқа жағдайларда, мысалы, *mixtio* [мíкстио] – қоспа, жау, *Triticum* [тритикум] - бидай; *statim* [стáтим] - бірден.

Диаграфтар

Грек тілінен келген кірме сөздер арасында келесі тіркестер кездеседі:

ch [x] – *saccharum* [сакхарум] – қант, *Chloroformium* [хлороформиум] – хлороформ;

ph [ф] – *pharmacopoea* [фармакопöа] – фармакопөя, *camphora* [камфора] – камфора;

th [т] – *Mentha* [мэнта] – жалбыз, *Thermopsis* [тэрмопсис] – термопсис;

rh [р] – *rhizoma* [ризома] – тамыр сабағы, *Glycyrrhiza* [глицирриза] – қызылмия;

Тақырып бойынша тапсырмалар:

1. Дауыстап оқып шығыңыз.

Tabulettae «Aëronum», cito, tuto et jucunde, praeparatum, aerosolum, Leucogenum, auctor, oedema, plantae, Eucommia, fel, fellis, lapis, Acorus calamus, linimentum Aloës, Cucurbita, calor, haemostatica, bacca, baccae, cytologia, Synoestrolum, Lodoformium, Juniperus, iodidum, Juglans, Convallaria majalis, Laudanum, cera, linimentum “Sanitas”, Centaurea cyanus, Actinomycetes, Codeinum, guttae Botkini, Linum usitatissimum, auris, foetidum, Sulfathiazolum, Equisetum arvense, suspensio, Aethazolum, Oestradiolum, Lobelia, Carbacholinum, Methyltestosteronum, Tetracyclinum, labor, Camphora, emplastrum adhaesivum, lingua Latina, verbum Graecum, Chamomilla, Daucus carota, Methicillinum, infusum, Phosphorus, Leuzea, Aethimidinum, Glycerinum, hirudines, Periploca graeca, frictio, combustio, Chloceptinum, rhizoma Filicis maris, nux, aut, Mammophysinum, Pyrogenalum, Glycyrrhiza, solutio, anatoxinum, seu, Phosphothiaminum, Phosphoestrolum, anthidrotica (ant+hidro = тер), Zovirax, Eunoctin.

2. Nitroglycerinum, Salazopyridazinum, Panzynorm, Orazym, Festal, Trazodonum, Pyrazidolum, Sustac-forte, Thalictum, Iris, Eleutherococcus, Dioscorea caucasica, Dryopteris, filix-mas, Rhus, Echinops sphaerocephalus, Quercus petraea, extractum Aloës, keratinosus, Streptococcus haemolyticus,

Senecio platyphylloides, Citrus unshiu, Salvia officinalis, zootoxinum, Phenolum, Euphyllinum, Thymus, Naphthalanum, Salmonella typhi, Hypernephrium, Thiohexamidum, Hypothiazidum, liquor Dorochovi, pharmacotherapia, Morphocyclinum, Rhamnus cathartica, Helianthus, Sphaerophysa salsula, tabulettae Diiodthyrosini, Cyclophosphanum, Cephaelis ipecacuanha, Hyoscyamus niger, Liquiritia, Gentiana, quinque, quartus, Nuphar luteum, Phthorbenzotephum, Chymotrypsinum, briketum, Isoniazidum, Cytochromum pro injectionibus.

3. Оқудың дұрыстығын және сөздердің жазылуын түсіндіріңіз:

Rubus idaeus, Hexobarbitalum, Cyclopropanum, Strophanthus, Oestronum, Orchis, Lagochilus, pelotherapia, Rumex confertus, Erythroxyton coca, hydrophyton, hypoderma, humanus, plasma, Cassia angustifolia, sanguineus, Chenopodium anthelminthicum, curatio, locus, quails, Panax schin-seng, Griseofulvinum, Magnesium, pix, Orthosiphon, Aethisteronum, Gnaphalium uliginosum, Arctostaphylos, Methamphetamineum, Chlortetracyclinum, Phenatinum, cytoplasma, Raunatinum, Sulfur praecipitatum, unguentum ophthalmicum, Myrtillus, Delphinium confusum, Crataegus oxyacantha, Soluthizonum, Zea mays, Thioposphanidum, hydrotherapia, Chloracetophosum, Cyclomethiazidum, Rhaponticum carthamoides.

2. ЕКПІН ЕРЕЖЕСІ

Буын жігі

Латын тілінде барлық дауысты дыбыстар мен дифтонгтар буын жасаушы дыбыстар. Буын жігі:

а) екі дауысты дыбыс немесе дифтонг пен жалғыз дауысты дыбыс арасынан өтеді, мысалы, *du-a-lis* [ду-а-лис] - қосарлы;

б) жалғыз дауыссыз дыбыс алдында және екі дауыссыз дыбыс арасынан өтеді, мысалы, *sil-va* [сил'-ва] - орман;

б) *qu* тіркесінің алдында, шұғыл дауыссыздардың (*b, p, c, g, d, t*) *r* немесе *l-мен* тіркесуінің алдында, мысалы, *li-qui-dus* [ли-кви-дус] – сұйық; *E-phe-dra* [э-фэ-дра] – қылқан жапырақтар;

г) сөз алды қосымшасы мен түбірдің арасында, мысалы, *in-scri-bo* [ин-скри-бо] – тізімге жазып отырмын.

Екпін қою ережелері

1. Екпін ешқашан соңғы буынға қойылмайды.

2. Екпін соңғы буынның алдындағы буынға қойылады, егер ол буын ұзақ болса.

3. Егер соңғы буынның алдындағы буын қысқа болса, онда екпін соңынан 3-інші буынға қойылады.

Буынның қысқалығын немесе ұзақтығын анықтаған кезде келесі ережелер басшылыққа алынады.

Ұзақтық ережелері

1. Егер буын дифтонгтан тұратын болса, онда ұзақ болады, мысалы:

Al u |ae/a [алтэа] – жалбызтікен

Cra u |e/gus [кратэгус] – долана.

2. Егер дауысты дыбыс дауыссыз дыбыстар жиынтығының алдында тұрса немесе х немесе z әріптерінің алдында болса, буын ұзақ болады, мысалы,

Am/pul/la – ампула

Ta/bu/let/ta – таблетка

Em/plas/trum – пластырь

e/mul/sum – эмульсия.

Vip/ra/to/xum – випратокс

O/ry/za – күріш

Қысқалық ережелері

1. Егер дауысты дыбыс дауыстының алдында немесе *h* әрпінің алдында тұрса, екпін қысқа болады, мысалы, *fo-li-um* [фолиум] – жапырақ, *Sal-vi-a* [сал'виа] – сәлбен.

2. Егер дауысты дыбыс шұғыл дауыссыздардың (*b, p, c, g, d, t*) г немесе л - мен тіркесуінің алдында тұрса, буын қысқа болады, мысалы, *E'/phedra* [э'фэдра] – қылша.

3. Егер дауысты дыбыс *qu, rh, th, ph, ch* әріп тіркестерінің алдында тұрса, екпін қысқа болады, мысалы, *A'/ra/chis* [арахис] - жаңғақ.

Ұзын және қысқа жұрнақтар

Латын тілінде дауысты дыбыс тіл заңдылықтары бойынша ұзақ немесе қысқа болатын жұрнақтары бар.

Ұзақ жұрнақтар: *-ūr-, -ār-, -āl-, -āt-, -ād-, -ān-, -īv-, -ūt-, -īn-, -ōs-*, мысалы, *tinctura* [тинктұра] – тұнба, *Valeriana* [валериана] – шүйгіншөп, *Secale* [сэкал'э] – қарабидай, *gelatina* [гэл'атина] – желатин, *vitaminum* [витаминум] - витамин және т.б.

Қысқа жұрнақтар: *-ūl-, -ōl-, -īl-, -ic-, -it-, -id-*, мысалы: *pilula* [пилюля] - пилюля, *Viola* [виоля] - шегіргүл, *solubilis* [солюбилис] – ерігіш және т.б.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

1. Екпінді қойып, соңғы буынның алдындағы буынның ұзақтығын түсіндіріңіз.

ego	Malva	Convallaria majālis
Rosa	silvestris	Rosaceae
bulbus	Capsella	amylaceus
Tormentilla	bursa-pastōris	Gentiāna lutea
Vitis idaea	Sophōra japonīca	Humulus lupulus
Brassicaceae	Urtīca dioīca	Inula helenium

Pachycarpinum	Betula	Quercus petraea
Retinōlum	Kalanchoë	Matricaria
hydroiodīdum	Eleutherococcus	chamomilla
Digitālis ferruginea	Absinthium	magister
Rubus idaeus	Leuzea	Frangula
aureum	Potentilla	succus Kalanchoës
Caryophyllus	Hydrolysīmum	Atrōpa belladonna
aromatīcus	Anti pyrinum	Glycyrrhisa glabra
	Oliva	Aloë arborescens
	solutio Vikasōli	Oestradiōli benzoas
	Ambosexum	oleum Persicōrum

2. Қажетті болған жағдайларда оқулық соңында сөздікке қарап, екпін қойыңыз.

scatula	Capsicum	Suppositorium
Aspergillus	acetum	Juniperus
saccharum	Centaurium	balneum
Rosa cinnamomea	erythraea	sirupus
Brassica	oculus	Plantago major
Sinapis nigra	Terebinthina	spiritus
capsulae	Gossypium	compositus
amylaceae	Veratrum	Bromcamphora
Amygdalus	numerus	antipyreticus
amylum	Hypericum	Diplococcus
Viburnum	Methylenum coeruleum	Claviceps purpurea
opulus	Erythromycinum	Foeniculum

Тапсырманы орындау үлгісі

Ru-bus i-dae-us соңғы буынның алдындағы буында дифтонг бар, сондықтан ол ұзақ және екпінді болып келеді.

Қазақ тілінде дуысты дыбыстардың және буынның ұзақ және қысқа түрі болмағандықтан, латын тілінің бұл ерекшелігі оқу кезінде қолданылмайды. Соңғы буынның алдында тұрған буынның санын анықтау жоғарыда айтылған сөздердің екпінін дұрыс қою үшін қажет. Латын тілінің заңдылығы бойынша сөздің ұзақ немесе қысқа жұрнақтарының болуына назар аударыңыз.

3. ЕТІСТІК. ЕТІСТІКТІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРЫ. БҰЙРЫҚ РАЙ. ШАРТТЫ РАЙ

Латын тілінің етістіктері жіктеледі, көптеледі, шақтар мен райлар бойынша түрленеді.

Етістіктің жіктелу түрі

Латын тілінде етістіктің жіктелу түрі осы шақтың негізі (инфект негізі) бойынша анықталады, оны табу үшін инфинитив түрінен *-re* немесе *-ĕre* қосымшасын алып тастау керек:

Инфинитив	Инфект негізі	Негіздің соңғы дауысты дыбысы	Жіктелудің түрі
<i>sterilisāre</i> – зарарсыздандыру	<i>sterilisā-</i>	-ā	1 жіктеу
<i>miscēre</i> – араластыру	<i>miscē-</i>	-ē	2 жіктеу
<i>recipĕre</i> – алу	<i>recip-</i>	Дауыссыз немесе -u	3 жіктеу
<i>diluĕre</i> – сұйылту	<i>dilu-</i>		
<i>linĭre</i> – жағу	<i>linĭ-</i>	-ĭ	4 жіктеу

Етістіктің сөздік мақаласында, бірінші кезекте, осы шақтың 1 жақ жекеше түрінің формасы келтіріледі, соңғы орында инфинитив тұлғасы (тұйық етістік) немесе жіктелу түрінің көрсеткіші келтіріледі, мысалы, *praeparo, āre* или *praeparo, 1* – дайындау, *adhibeo, ĕre* или *adhibeo, 2* – қолдану, пайдалану, *addo, ĕre* или *addo, 3* – қосу, *audio, ĭre* или *audio, 4* – тыңдау.

Сөздікте етістікті табу үшін негізге *-o* жалғауын қосу арқылы осы шақтың 1 жақ жекеше түрінің тұлғасын жасау керек, мысалы,

adhibĕre – инфекттің негізі *adhibĕ-* + *-o* = *adhibĕo*. Сөздікте *adhibĕo* сөзін табамыз - қолдану, пайдалану.

Modus imperatīvus. Бұйрық рай

Жақ, жекеше, көпше түрі	Болымды түрі	Болымсыз түрі
2 жақ, жекеше түрі.	1, 2, 4 жіктеу	
	Инфект негізі	Noli + инфинитив
	<i>Sterilisā!</i> - Зарарсыздандыр!	<i>Noli sterilisāre</i> – Зарарсыздандырма!
	<i>Miscē!</i> - Араластыр!	<i>Noli miscēre</i> – Араластырма!
	<i>Linĭ!</i> – Жақ!	<i>Noli linĭre</i> – Жақпа!
		3 жіктеу

	Инфект негізі + ě	Noli + инфинитив
	<i>Recip-ě!</i> Ал!	<i>Noli recipĕre</i> – Алма!
	<i>Dilu-ě!</i> - Сұйылт!	<i>Noli diluĕre</i> – Сұйылтпа!
2 жақ, көпше түрі	1, 2, 4 жіктеу	
	Инфект негізі + te	Nolĭte + инфинитив
	<i>Sterilisā-te!</i> - Зарарсыздандырыңдар!	<i>Nolĭte sterilisāre</i> – Зарарсыздандырмаңдар!
	<i>Miscē-te!</i> - Араластырыңдар!	<i>Nolĭte miscĕre</i> – Араластырмаңдар!
	<i>Linī -te!</i> – Жағыңдар!	<i>Nolĭte linĭre</i> – Жақпаңдар!
	3 жіктеу	
	Инфект негізі + ĭ + te	Nolĭte + инфинитив
<i>Recip-ĭ-te!</i> – Алыңдар!	<i>Nolĭte recipĕre</i> – Алмаңдар!	
<i>Dilu-ĭ-te!</i> – Сұйылтыңдар!	<i>Nolĭte diluĕre</i> – Сұйылтпаңдар!	

Modus coniunctivus. Шартты рай

Рецептурада шартты рай – conjunctivus – әлдеқайда кең қолданылады. Фармацевтке арналған әр түрлі нұсқаулар конъюнктив түрінде жиі жазылады. Негізгі етіс пен ырықсыз етістің шартты рай осы шағының жасалуы:

- 1-ші жіктелуіндегі етістіктерде негіздің –a дыбысы -e жұрнағына ауыстырылады;

- 2, 3, 4 жіктелуіндегі етістіктерде етістіктің негізіне -a жұрнағы жалғанып, содан кейін бұл жұрнағына тиісті райдың жіктік жалғаулары жалғанады.

Конъюктивада 3 жақ жекеше және көпше түрдегі етістік түрлерінің үлгілері

Жіктелуі	Activum		Passivum	
	Singulāris	Plurālis	Singulāris	Plurālis
1	signe- t	signe- nt	signe- tur	signe- ntur
2	miscea- t	miscea- nt	miscea- tur	miscea- ntur
3	verta- t	verta- nt	verta- tur	verta- ntur
4	linīa- t	linī- a-nt	linī- a-tur	linī- a-ntur

Конъюктивада *esse* – болу етістігінің жіктелуі

<i>Singularis</i>	<i>pluralis</i>
1. sim	simus
2. sis	sitis
3. sit (болсын)	sint (болсын)

Латын тіліндегі рецептурада және фармацевтикалық терминологияда конъюнктивті қолдану

Басыңқы сөйлемдерде конъюнктив бұйрық орнына бұйрық беру немесе әрекет етуге түрткі болуды (conjunctivus imperatives) білдіру үшін пайдаланылады. Басқаша айтқанда, бір ойды, бір бұйрықты екі жолмен: императив түрінде және конъюнктив түрінде білдіруге болады.

Қазақ тілінде басыңқы сөйлемдерде конъюнктив әдетте етістіктің 3 жақ бұйрық рай тұлғасымен аударылады, тұйық етістік қолданылмайды .

Мысалы: *Misce* - Араластыр. *Misceatur* – Араластырылсын!

Sterilisa! – Зарарсыздандыр. *Sterilisetur.* - Зарарсыздандырылсын!

Signa. - Белгіле. *Signetur.* - Белгіленсін!

Solve. - Еріт. *Solvatur.* - Ерітілсін!

fio, fieri етістіктері

Дәрігер заттарды қандай дәрілік түрге келтіру керектігін белгілейтін рецепт бөлігінде конъюнктивта тұратын **fio, fieri** – болу, жасалу, түзелу – етістігімен мақсат бағыныңқы сөйлем қолданылады.

Fieri emicmigi рецептурада тек қана конъюнктивтің 3-ші жақ жеке және көпше түрінде қолданылады:

3 жақ жекеше түрі - **fiat** - жасалсын, түзілсін.

3 жақ көпше түрі - **fiant** – жасалсын, түзілсін.

Стандартты рецептуралық анықтамалар үлгілері

Misce, (ut) fiat ... – ... түзелгенше (жасалғаниша), араластыр

Misce, (ut) fiant ... - ... түзелгенше (жасалғаниша), араластыр

Misce, fiat ... - Араластыр ... түзілсін

Misce, fiant ... - Араластыр ... түзілсін

Recipe:

Massa pilulārum quantum satis ut fiant pilulae numero 60

Ал:

Пилюльдік массаны керегінше, 60 санымен пилюлялар түзелу үшін

Императивпен және конъюнктивпен стандартты рецептуралық анықтамалар

Imperativus		Conjunctivus	
Misce.	Араластыр.	Misceatur.	Араластырылсын.
Da.	Босат.	Detur.	Босатылсын.
Signa.	Белгіле.	Signetur.	Белгіленсін.
Da tales doses numero...	Осындай мөлшерде ... санымен босат	Dentur tales doses numero...	Осындай мөлшерде ... санымен босатылсын

Repete	Қайтала	Repetatur	Қайталансын!
Repete bis	Екі рет қайтала!	Repetatur bis	Екі рет қайталансын!
Sterilisa	Зарарсыздандыр!	Sterilisetur	Зарарсыздандырылсын!

Тақырып бойынша тапсырмалар:

1. Келесі етістіктердің негіздерін белгілеп, жіктеуін анықтаңыз:

Linīre – жағу, coquēre – пісіру, adhibēre – қолдану, пайдалану, valēre – сау болу, мықты болу, salvēre – аман- есен болу, сәлем беру, signāre – белгілеу, continēre – болу (құрамында болу), recipēre - алу, concidēre – кесу, ұсақтау, extrahēre – бөліп шығару, dividēre – бөлу, contundēre - бөлшектеу, түю, colāre – сүзу, conspergēre – себу, infundēre – құю, agitāre – шайқау, praescribo, ēre – жазу, obdūco, ēre - қабықпен қаптау, colligo, ēre – жинау, monstro, āre – көрсету.

2. Етістіктерді оқып шығып, көп нүктенің орнына дауысты дыбысты қойып көшіріңіз:

Addo, ...re 3, misceo, ... re 2, do, ...re 1, linō, ...re 4, adhibēo, ...re 2, conservo, ...re 1, sano, ...re 1, recipio, ...re 3, finio, ...re 4, salveo, ...re 2, signo, ...re 1, conspergo, ...re 3, oleo, ...re 2, repeto, ...re 3, sumo, ...re 3, colo, ...re 1, contineo, ...re 2, audio, ...re 4, infundo, ...re 3, macero, ...re 1, solvo, ...re 3.

3. Етістіктің бұйрық және шартты райларын жекеше және көпше түрде жазыңыз:

Misceo, ēre – араластыру, recipio, ēre - алу, repeto, ēre – қайталау, addo, ēre – қосу, curo, āre – емдеу, adhibeo, ēre – қолдану, signo, āre – белгілеу, laboro, āre – жұмыс істеу, divide, ēre – бөлу, studeo, ēre – зерттеу, refrigero, āre – суыту, finio, īre – аяқтау.

4. Қазақ тіліне аударыңыз:

1. Misce. Da. Signa. 2. Concide, contunde et tere. 3. Bene labōra. 4. Salve. Salvēte. 5. Vale. Valēte. 6. Repēte bis. 7. Audite, scribīte. 8. Noli repetēre. 9. Exacte conspergīte. 10. Primum noli nocēre. 11. Disce aut discēde.

5. Келесі етістіктердің жіктеуін анықтап, негіздерін белгілеңіз:

Signētur, da, valēte, finiuntur, dividītur, diluunt, vertit, sterilizetur, misceatur, cura, salvēte, vivunt, docent, adde, audit, laborant, recipiunt, repetātur, vertītur.

6. Орыс тіліндегі латын тілінен енген кірме сөздер қай етістіктен жасалғанын анықтаңыз:

Стерилизация, фильтр, фильтрация, финал, мацерация (техникалық операция), перколяция (техникалық операция), препарат, лаборатория, аудитория, рефрижератор, лекция, лектор, контузия, формация, сигнатура, валериана, консервант, репетитор, репетиция, экстракция, линимент (сұйық жақпамай).

7. Латын тіліне аударыңыз:

1. Байқап сақта. 2. Мұқият тыңда. 3. Тез дайында және бөліп таста. 4. Жете зарарсыздандыр. 5. Жақ және сыла (infricāre).

8. Етістіктің бұйрық және шартты райларын жекеше және көпше түрде жазыңыз:

Тыңдау, зарарсыздандыру, бөлу, беру, құю, жағу, бөлшектеу.

9. Лексикалық минимумды терминдер сөздігіне жазып, есте сақтаңыз:

«Етістік» тақырыбына арналған лексикалық минимум

addo, ẽre – қосу - добавлять

adhibeo, ẽre - қолдану, пайдалану - употреблять, применять

agito, ẽre – шайқау - взбалтывать

audio, ẽre – тыңдау - слушать

colo, ẽre – сүзу - цедить, процеживать

percolo, ẽre – сүзу, сүзгіден өткізу - процеживать

concido, ẽre – кесу, ұсақтау - изрезать, измельчать

conservo, ẽre – сақтау - хранить, сохранять

conspergo, ẽre – себу - насыпать, обсыпать

contineo, ẽre – болу (құрамында болу) - содержать

contundo, ẽre - бөлшектеу, түйю - дробить, толочь

coquo, ẽre – пісіру - варить

diluo, ẽre - сұйылту - разбавлять

divido, ẽre – бөлу - делить, разделять

do, dare – беру, босату - давать, выдавать, отпускать

extraho, ẽre – бөліп шығару - извлекать

finio, ẽre – аяқтау - кончатъ

formo, ẽre – жасау, құрастыру, қалыптастыру - образовывать, формировать

infundo, ẽre – құю - наливать, вливать, насыпать

laboro, ẽre – жұмыс істеу - работать

linio, ẽre – жағу - намазывать

masero, ẽre – жібіту - размачивать, настаивать

misceo, ẽre – араластыру - смешивать

oleo, ẽre – аңқу - пахнутъ

praeparo, ẽre – дайындау - приготавливать

recipio, ẽre - алу - брать, взять, получать

refrigero, ẽre – суыту - охлаждать

repeto, ẽre – қайталау - повторять

salveo, ẽre – аман- есен болу, сәлем беру - быть здоровым, приветствовать

servo, ẽre – сақтау - хранить, сохранять

signo, ẽre – белгілеу - обозначать

solvo, ẽre – еріту - растворять

studēo, ēre – зерттеу, ынталану, ұмтылу - изучать, заниматься
прилежно, стараться, стремиться
sterilizo, āre – зарарсыздандыру - стерилизовать
sumo, ēre – қабылдау - принимать
tero, ēre – укалау, сылау - тереть, растирать
valeo, ēre – сау болу, мықты болу - быть здоровым, иметь силу, иметь
значение
verto, ēre – айналдыру - вертеть, поворачивать

4. ЗАТ ЕСІМ. І СЕПТЕУ. ҚИЫСПАҒАН АНЫҚТАУЫШ. – Е-ГЕ АЯҚТАЛАТЫН ГРЕК ТІЛІНДЕГІ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ СЕПТЕЛУІ. ТАБЫС СЕПТІГІНДЕГІ ТУРА ТОЛЫҚТАУЫШ

Латын тіліндегі зат есімнің тек, жекеше, көпше түрі, септік категорияларын бар.

Род. Тек (genus)

Латын тіліндегі зат есімдер *үш текке (genus)* бөлінеді:

- аталық тек (*genus masculīnum* - қысқаша *m*),
- аналық тек (*genus feminīnum* - қысқаша *f*),
- орта тек (*genus neutrum* - қысқаша *n*).

Сан (numerus)

Сан (numerus). Әдетте әрбір зат есім жекеше және көпше түрде қолданылады:

- жекеше түр (*numerus singulāris* - қысқартылған *sing*).
- көпше түр (*numerus plurālis* - қысқартылған *pl.*)

Септік (casus)

Септік (casus). Латын тілінің септік жүйесі алты септіктен тұрады. Олардың ішінде, номенклатурада келесі 5 септіктің ғана практикалық қолданысы бар.

Casus nominatīvus (қысқаша *Nom.*) – атау септік – **бастапқы септік формасы**, *кім? не? сұрақтарына жауап береді*. Атау септікте тұрған сөздер сөйлемде бастауыш немесе баяндауыштың есім бөлігінің қызметін атқарады (олар: *кім? кім ретінде? қандай? сұрақтарына жауап береді*).

Casus genetiīvus (қысқаша *Gen.*) – ілік септік, **қиыспайтын анықтауыш септігі**, *кімнің? ненің? сұрақтарына жауап береді*.

Casus datīvus (қысқаша *Dat.*) – барыс септік - **жанама толықтауыш септігі**, *кімге? неге? сұрақтарына жауап береді*.

Casus accusatīvus (қысқаша *Acc.*) – табыс септік - **тура толықтауыш септігі**, *кімді? нені? сұрақтарына жауап береді*.

Casus ablatīvus (қысқаша *Abl.*) – қазақ тілінің көмектес септігі мен атау септігінің қызметтерін біріктіреді, кіммен? немен? кім туралы? не туралы? не жайлы? сұрақтарына жауап береді

Casus vocatīvus (қысқаша *Voc.*) – атауыш септік – қаратпа сөз ретінде пайдаланылады.

Зат есімнің сөздікте жазылуы

Сөздік мақаланың құрамына назар аударыңыз: *tinctūra, ae f* - тұнба. Бірінші кезекте атау септігінің формасы келтірілген, содан кейін ілік септігінің жекеше түрінің жалғауы беріледі (кейде негіздің бір бөлігімен бірге), сонан соң - тек пен сөздің аудармасы көрсетіледі.

Латын тіліндегі ілік септіктің жалғауы бойынша зат есімінің септелуі түрін анықтауға болады (латын тілінде септелудің 5 түрі бар):

Септелу түрі	1	2	3	4	5
Ілік септіктің жалғауы	-ae	-i	-is	-us	-ei
Тек	f	m, n	m, f, n	m, n	f
Мысалы	<i>Urtica, ae f</i> - қалақай	<i>infusum, i m</i> – тұндырма, <i>oleum, i n</i> - май	<i>liquor, ōris m</i> - сұйықтық, <i>radix, īcis f</i> – тамыр, <i>sulfur, uris n</i> - күкірт	<i>spiritus, us m</i> – спирт, <i>cornu, us n</i> – мүйіз	<i>species, ēi f</i> - жиынтық

Бірінші септіктің зат есімдері

Бірінші септікке ілік септіктің жекеше түрінде –ae жалғауы, атау септіктің жекеше түрінде –a жалғауы бар аналық тектегі зат есімдер жатады, мысалы: *planta, ae f* – өсімдік, *massa, ae f* - масса, *gutta, ae f* – тамшы, *tabuletta, ae f* – таблетка, *officīna, ae f* – дәріхана, *Mentha, ae f* – жалбыз, *herba, ae f* – шөп, *pilula, ae f* – пилюля, *tabuletta, ae f* – таблетка.

Бірінші септіктің зат есімдерінің септік жалғаулары

Септік	Жекеше түрі	Көпше түрі
Nominatīvus= Vocatīvus	-a	-ae
Genetīvus	-ae	-ārum
Datīvus	-ae	-is
Accusatīvus	-am	-as
Ablatīvus	ā	-is

Септелу үлгісі

herba, ae f - шөп

Бұл I септіктің зат есімі, себебі ол аналық текте, атау септігінің жекеше түрінде – *a* жалғауы және ілік септігінің жекеше түрінде – *ae* жалғауы бар.

Casus	Singulāris	Plurālis
Nom.	<i>herba</i> – шөп	<i>herbae</i> – шөптер
Gen.	<i>herbae</i> – шөптің	<i>herbārum</i> – шөптердің
Dat.	<i>herbae</i> – шөпке	<i>herbis</i> – шөптерге
Acc.	<i>herbam</i> – шөпті	<i>herbas</i> – шөптерді
Abl.	<i>herbā</i> – шөппен, шөп туралы	<i>herbis</i> – шөптермен, шөптер туралы

Сонымен қатар, бірінші септікке атау септіктің жекеше түрінде – *e* жалғауы және ілік септікте – *es* жалғауы бар грек тілінен енген аздаған сөздер жатады. Мұның барлығы аналық тектегі зат есімдер.

-*e* жалғауына аяқталатын келесі сөздерді есте сақтаңыз:

Aloë, ës f - алоэ

Chole, es f - өт

Hippophaë, ës f - шырғанақ

Hierochloe, ës f - арамшағыр

Kalanchoë, ës f – каланхоэ

Тура толықтауыштың табыс септігі

Ауыспалы етістіктің қызметі жайылатын объект етістікке *тура толықтауыш* болады және қазақ тіліндегідей *табыс септікте* жұрнақсыз қолданылады (сұрақтары: кімді? нені?).

Етістіктің әрекеті

әрекет объектіне бағытталады:

Acc (кімді? нені?) тура толықтауыш

Мысалы:

(нені?) бір тамшыны қос - *Adde guttam* (Acc. Sing)

(нені?) тұнбаны іш - *Sume tincturam* (Acc. Sing.)

Қиыспайтын анықтауыш

Латын фармацевтикалық терминологиясында қандай? қайсы? кімнің? сұрақтарына жауап беретін зат есімдердің ілік септігінде тұрған тәуелді сөздер жиі қолданылады - олар *қиыспайтын анықтауыштар* деп аталады.

Латын тіліндегі қиыспайтын анықтауыштар қазақ тіліне матаса байланысқан есімді сөз тіркестері арқылы аударылады, мысалы:

tinctura Menthae - жалбыз тұнбасы

gemmae Betulae - қайың бүршіктері

Латын фармацевтикалық терминологиясында қиыспайтын анықтауыштар өте жиі пайдаланылады. Терминдерде анықтауыш ретінде қолданылатын дәрілік өсімдіктер мен дәрілік заттардың барлық атаулары

қазақ тілінің аудармасына қарамастан қиыспайтын анықтауыштар болып табылады.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

1. Зат есімінің септелуін анықтаңыз.

1. ferrum, i n
2. fructus, us m
3. officīna, ae f
4. rhizoma, ātis n
5. decoctum, i n
6. spiritus, us m
7. folium, i n
8. Oxygenium, i n
9. semen, inis n
10. Farfara, ae f

2. Жазбаша септеңіз: ampulla, tabuletta.

Ауызша септеңіз: betula.

3. Берілген зат есімдердің Gen.sing. жалғауларын толықтырыңыз

септеу	Nom.sing.	Gen.sing.
2	saccharum	sacchar...
1	aqua	aqu...
2	amylum	amyl...
3	cor	cord...
5	facies	faci...
4	fructus	fruct..
3	pulvis	pulver..
1	tinctūra	tinctūr..
3	dens	dent...
3	radix	radic..
2	suppositorium	suppositori...
4	quercus	querc...
3	cortex	cortic...

4. Келесі сөз тіркестерін қазақ тілінен латын тіліне аударыңыз:

1. Итжидек тұнбасы.
2. Меруертгүл тұнбасы.
3. Өсімдіктердің бүршіктері.
4. Бромкамфора таблеткалары.
5. Тұнбалар тамшылары.
6. Түймедақ шөбі.
7. Суды зарарсыздандырыңыз.
8. Пилюляларды дайында.
9. Микстураны жақсы шайқа.
10. Тұнбаларды араластырыңыз.
11. Тұнбаны бер.
12. Суды суыт.

5. Латын тілінен жазбаша аударыңыз, тура толықтауыш пен қиыспайтын анықтауыштарды көрсетіңіз:

1. Prescribere aquam Chamomillae. 2. Obdūce tabulettas. 3. Colligite baccas plantarum. 4. Da guttas aegrōtis. 5. Servāte caute ampullas. 6. Conspergite pilulas. 7. Monstra plantam “Althaea”. 8. Destilla aquam. 9. Exsicca herbam Convallariae. 10. Valeriāna, Chamomilla, Ephēdra, Mentha, Althaea, Convallaria plantae sunt. 11. Lege pharmacopoeam. 12. Exsiccate gemmas Betulae. 13. Infundite aquam Amygdalarum. 14. Concide, contunde et tere herbam Ephedrae. 15. Salve, collega! 16. Tinctura Belladonnae. 17. Herba Schizandrae.

6. Лексикалық минимумды терминдер сөздігіне жазып, есте сақтаңыз:

**«Зат есім» тақырыбына арналған лексикалық минимум
(Зат есімдердің I септігі)
Өсімдіктердің атаулары.**

Althaea, ae f – жалбызтікен - алтей

Amygdala, ae f – бадам – миндаль (миндали – плоды-костянки)

Armeniāca, ae f – өрік ағашы - абрикосовое дерево

Belladonna, ae f – итжидек - красавка (белладонна)

Betula, ae f – қайын - береза

Bistorta, ae f – шаянмойын таран - змеевик

Calendula, ae f – қырмызыгүл - календула, ноготки

Cina, ae f – дәрмене жусан – полынь цитворная

Chamomilla, ae f – түймедақ - ромашка

Convallaria, ae f – қынжыгүл, інжугүл - ландыш

Convallaria majalis – меруертгүл – ландыш майский

Eucommia ae f - эвкоммия

Ephedra, ae f – қылша - эфедра, хвойник

Farfara, ae f – өгейшөп – мать-и-мачеха

Frangula, ae f – итшомырт - крушина

Glycyrrhiza, ae f (или Liquiritia, ae f) - қызыл мия - солодка (или лакричник)

Laminaria, ae f – теңіз орамжапырақ - ламинария, морская капуста

Mentha, ae f – жалбыз – мята

Mentha piperita (ae) – бұрыш жалбызы – мята перечная

Oliva, ae f - зәйтүн – олива (маслина)

Passiflora, ae f – страстоцвет – пассифлора, страстоцвет

Paeonia, ae f – сәлдегүл - пион

Rosa, ae f – итмұрын – шиповник

Salvia, ae f – сәлбен - шалфей

Schizandra, ae f – сермене - лимонник

Senna, ae f – піштен - сенна

Tormentilla, ae f – қазтабан - лапчатка

Urtica, ae f – қалақай – крапива

Valeriāna, ae f – шүйгіншөп - валериана

Aloë, ës f – алоэ, сабур

Hippophaë, ës f- шырғанақ - облепиха

Hierochloe, ës f – арамшағыр - зубровка

Kalanchoë, ës f - каланхоэ

Chole, es f – өт - желчь

Дәрілік қалыптарының атаулары

capsula, ae f – қаптама, қабы, капсула - капсула

gutta, ae f – тамшы – капля

oculoguttae, ārum f – көз тамшылары - глазные капли

nasoguttae, ārum f – мұрын тамшылары - носовые капли

otoguttae, ārum f – құлақ тамшылары - ушные капли

mixtura, ae f – микстура

pasta, ae f – паста

pilula, ae f – пилюля

massa pilulārum - пилюльдік салмағы – пилюльная масса

tabuleta, ae f – таблетка

tinctura, ae f – тұнба - настойка

membranula, ae f - қабықша, қабыршық, жұқалтыр - пленка

membranulae ophthalmicae – көз қабықшалары – глазные пленки

Өсімдіктерінің мүшелері және тағы басқа сөздер

Aqua, ae f - су - вода

ampulla, ae f – ампула

bacca, ae f - жидек - ягода

Bromcamphora, ae f – бромкамфора

camphora, ae f - камфора

cera, ae f – балауыз - воск

charta, ae f – қағаз - бумага

herba, ae f - шөп - трава

gelatina, ae f - желатин (-а)

gemma, ae f – бүршік - почка (раст.)

massa, ae f – масса - масса

mixtura, ae f – микстура

oblata, ae f – қабық - облатка, капсула из пшеничной муки

officina, ae f – дәріхана - аптека

planta, ae f – (греч. phyton) - өсімдік - растение

substantia, ae f - зат - вещество

terebinthina, ae f – терпентин, живица

vita, ae f – өмір – жизнь

urea, ae f – мочеви́на - несепнәр

5. РЕЦЕПТ. РЕЦЕПТ ҚҰРЫЛЫМЫ. РЕЦЕПТІНІҢ ЛАТЫН БӨЛІГІНІҢ ЖАЗЫЛУЫ. ТАБЛЕТКАЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Рецепттің құрылымы (латын тілінен *recipio, ёre* - алу) келесі 9 бөлікке бөлінеді:

1. **Inscriptio** - емдеу-профилактикалық мекеменің мөртабаны және оның шифры.

2. **Datum** - рецепт жазудың күні.

3. **Nomen aegroti** - науқастың аты-жөні.

4. **Aetas aegroti** - науқастың жасы.

5. **Nomen medici** - дәрігердің аты-жөні.

6. **Praescriptio** - латын тіліндегі жазу:

а) **invocatio** - фармацевтке нұсқау;

б) **designatio materialium** - заттардың мөлшерін көрсетіп жазу;

7. **Subscriptio** - фармацевтке дәрілік түр, мөлшерлер саны, қаптама түрі туралы нұсқаулары бар жазылым;

8. **Signatura** - міндетті түрде «Signa» латын сөзінен тұратын науқасқа орыс немесе ұлттық тілде мөлшері, уақыты, қабылдаудың ұзақтығы көрсетілген «белгілеулер»;

9. **Nomen medici et sigillum medici** - мөрмен бекітілген дәрігердің қолы.

Рецепт жолының құрылымы мен рәсімделуі

Рецепттің латын тіліндегі бөлігі *Recipe!* (Ал!) сөзінен басталады.

а) рецепт жолындағы грамматикалық байланыстылық үлгісі:

Не? Қанша?

<i>Recie:</i>	<i>Дәрілік заттың немесе препараттың атауы (ілік септікте)</i>	<i>Дәрілік заттың мөлшері (доза) (табыс септікте)</i>
<i>Ал:</i>		

Негі?

Rp: Mentholi 0,2

б) рецепт жолындағы синтаксистік байланыстылық үлгісі:

Рецепт жолында фармацевтикалық терминдердегі синтаксистік құрылым, яғни сөздердің орын тәртібі осындай:

<i>Дәрілік түрдің атауы</i>	<i>Дәрілік заттың немесе препараттың атауы (ілік септікте)</i>	<i>Сын есім</i>
-----------------------------	--	-----------------

Extractum Crataegi siccum - долананың құрғақ сығындысы.
Tinctura Menthae piperitae – бұрыш жалбызының тұнбасы.

Дәрілік заттардың атаулары **Recipe** сөзінен кейін әрқайсысы бөлек рецепт жолында жазылады.

- жолдағы бірінші сөз,
 - дәрілік өсімдіктердің атаулары,
 - дәрі-дәрмектердің тривиалды атаулары,
 - химиялық элементтердің, катиондардың атаулары
- бас әріптен жазылады.

Өсімдіктер бөліктерінің атаулары, аниондар, сын есімдер, тұздардың негіздерінің атаулары кіші әріптен жазылады.

Рецепттерде мөлшерлердің белгіленуі

А) сусыма заттар үшін:

- 1 грамм – 1,0 (gramma),
- 2 грамм – 2,0 (duo grammata),
- 1 дециграмм – 0,1 (decigramma),
- 3 дециграмм – 0,3 (tria decigrammata),
- 1 сантиграмм – 0,01 (centigramma),
- 1 миллиграмм – 0,001 (milligramma),
- 1 децимиллиграмм – 0,0001 (decimilligramma),
- 1 микрограмм – 0,000001 (microgramma).

Рецепттердегі сан есімдердің оқылуы

- 1,0 - unum gramma
- 0,1 – unum decigramma
- 0,01 – unum centigramma
- 0,001 – unum milligramma
- 2,0 - duo grammata
- 0,2 – duo decigrammata
- 0,02 – duo centigrammata
- 0,002 – duo milligrammata
- 1,5 - unum gramma et quinque decigrammata
- 2,25 – duo grammata et viginti quinque centigrammata
- 0,5 – semigramma
- 3,0 – tria grammata
- 4,0 – quattuor grammata
- 5,0 - quinque grammata
- 10,0 - decem grammata
- 100,0 – centum grammata
- 180,0 - centum octoginta grammata
- 200,0 – ducenta grammata
- ad 180,0 - ad centum octoginta grammata
- ad 200,0 – ad ducenta grammata

D.t.d. N. 2 – Da tales doses numero duas
D.t.d. N. 10 - Da tales doses numero decem
M., f. globuli N. 200, N. 6 – Misce, fiant globuli numero ducenti, sex
M., f. pilulae N. 200, N. 6 - Misce, fiant pilulae numero ducentae, sex
M., f. suppositoria N. 200, N. 6 - Misce, fiant suppositoria numero ducenta,

sex

Ex 3,0 – 100,0 – Ex tribus grammatis – (in) centum grammata
Ex 6,0 – 180,0 - Ex sex grammatis – (in) centum octoginta grammata
Ex 6,0 – 200,0 - Ex sex grammatis – (in) ducenta grammata

Рецепттердегі пайыздардың оқылуы

1 % – una pars pro centum
2 % – duae partes pro centum
3 % – tres partes pro centum
5 % - quinque partes pro centum
10 % – decem partes pro centum
0,5 % – dimidia pro centum
1,5 % – una pars et dimidia pro centum
2,5 % – duae partes et dimidia pro centum
0,1 % – decima pars pro centum
0,01 % – centesima pars pro centum
0,001 % – millesima pars pro centum
0,2 % – duae decimae partes pro centum
0,02 % – duae centesimae partes pro centum
0,002 % – duae millesimae partes pro centum
0,3 % – tres desimae partes pro centum
0,03 % – tres centesimae partes pro centum
0,003 % – tres millesimae partes pro centum

Б) сұйық заттар үшін:

1 мл – 1 ml (millilitrum),
3 мл – 3 ml (tria millilitra),
0,1 – 0,1 ml (decimillilitrum).

Recipe: Liquoris Ammonii anisati 1 ml

«Ал: аммиак ерітіндісінің (мүсәтір спиртінің)». 1 мл

В) 1 мл-ден аз мөлшерде сұйықтықтарды жазған кезде, тамшылармен мөлшерлеу пайдаланылады және табыс септіктің жекеше түрінде (*guttam*) немесе көпше түрінде (*guttas*) жазылады. Мөлшері рим цифрларымен белгіленеді: *Recipe: Olei Menthae piperitae guttas III*. «Ал: Бұрыш жалбыз майының III тамшысын».

Г) Антибиотиктердің мөлшері іс-әрекет бірлігімен (ЕД) белгіленеді:

Recipe: Benzylpenicillini-natrii 250000 ЕД.

Д) Егер екі немесе одан да көп дәрі-дәрмек бірдей мөлшерде берілсе, онда мөлшері соңғы дәрі-дәрмектің қасында жазылады, ал санның алдына **ana** (бірдей мөлшерде) грек сөзі жазылады:

Recipe: Amidopirini

Analgin ana 0,5

Е) Форма тудырушы заттар: форма тудырушы зат қосылатын жалпы мөлшері, **ad** (дейін) қосымша сөзі қолданылады:

Recipe: Emulsii Olei Ricini 100,0

Sirupi Sacchari ad 200,0

Фармацевт дәрілік заттың мөлшерін өзі есептейін болса, онда **quantum satis** (керегінше) сөзі қолданылады, мысалы:

Recipe: Norsulfazoli 0,5

Boli albae 1,0

Microcidi quantum satis

Рецепттердегі қосымша жазулар бланктің жоғарғы жағының оң жағында жазылады:

- *Cito!* «Жылдам!» немесе *Statim!* «Дереу!» (дәріні жедел түрде алу қажеттілігі болған жағдайда);

- *Repete!* «Қайтала!» (емдеудің ұзақ курсы өткізілген уақытта дәріні бірнеше рет қайталап пайдалану үшін).

Таблеткаларды, суппозиторийлерді, дражелерді және аэрозольдерді жазып берудің ерекше түрлері

1. Рецепттерде **таблеткаларды, суппозиторийлерді, дражелерді және аэрозольдерді** қысқартылған тәсілмен жазып берген кезде дәрілік түрлердің атаулары табыс септіктің жекеше немесе көпше түрінде жазылады:

Tabulettam (sing.) Tabulettas (pl.), Tabulettas obductas;

Suppositorium (sing.), Suppositoria (pl.), Suppositoria vaginalia;

Dragee (pl. не скл.);

Aërosolum (sing.).

2. Құрылымы күрделі дәрілік препараттарға коммерциялық атауы беріліп, айқындауыш болып табылып, тырнақшаның ішінде **атау септіктің** жекеше түрінде жазылады. Мұндай препараттардың мөлшері стандартты болады және белгіленбейді. Мысалы:

Tabulettae «Theophedrinum» - «Теофедрин» таблеткалары

suppositoria «Anaesthesolum» – «Анестезол» суппозиторийлері

3. Егер таблеткалар бір дәрілік заттан тұрса, онда дәрілік түрдің атауынан кейін ол ілік септікте жазылып, мөлшері көрсетіледі, мысалы: *Tabulettas Saicylamidi 0.5* - салициламид таблеткалары 0,5.

4. Егер суппозиторийлер бір дәрілік заттан тұрса, онда оның атауы дәрілік түрдің атына **cum (с)** көмекші сөзі арқылы қосылып, аблятивте қойылады, сонан кейін мөлшері көрсетіледі, мысалы:

Recipe: Suppositoria cum Theophillino 0,2


Ал: Теофиллинмен суппозиторийлерін 0,2

Таблеткалар, дражелер және аэрозольдердің ерекше түрлерін жазып берген кезде рецепт жолындағы грамматикалық байланыстылық сызбасы:

а) құрамдастырылған құрамы:

	1	2	3	
	не?	қандай?	қанша?	
Recipe:	Tabulettas	“Theophyllum”	numero	50
	Dragee	“Revitum”	numero	50

б) бір дәрілік заттан тұратын:



Recipe:	Tabulettas	Monomycini	0.25	numero
10				
	Dragee	Retinoli acetatis	numero	50
	Suppositoria	cum Ichthyolo	0.2	numero
	20			

Таблеткалардың атауларында келесі анықтауыштар қолданылады:

Қабықпен қапталған – **obductae**

Ішекте еритін – **enterosolubiles**

Тіл астына - **sublinguales**

Асқазандық - **stomachicae**

Мысалы: *Tabulettae (as) obductae (as)*
Tabulettae (as) enterosolubiles
Tabulettae (as) sublinguales
Tabulettae (as) stomachicae (as)

Rp.: Tabulettas Tetracyclini obductas 0,25 numero 20

Ал: Қабықпен қапталған тетрациклин таблеткаларын 0,25 20 санымен

5. Сол сияқты, **көз қабықшалары** да жазылады. Дәрілік заттың атауы **cum** көмекші сөзі арқылы қосылып, аблятивте қойылады. Мысалы:

Rp.: Membranula s ophthalmicas cum Pilocarpini hydrochlorido numero 30
Da. Signa.

6. Жақында ғана тәжірибеге енген **аэрозольдар** келесідей жазылады: дәрілік түрдің атауы табыс септіктің жекеше түрінде қойылады, препараттың атауы атау септіктің жекеше түрінде тырнақшаның ішіне жазылады, мысалы:

Rp.: Aerosolum «Cametonum» numero I
Da. Signa.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

1. Эквивалентті таңдаңыз:

- | | |
|----------------|--------------------|
| 1. Жалбызтікен | а) Valeriāna, ae f |
| 2. Шүйгіншөп | б) Senna, ae f |
| 3. Итмурын | в) Mentha, ae f |
| 4. Түймедақ | г) Chamomilla,ae f |
| 5. Жалбыз | д) Betula, ae f |
| 6. Қырмызыгүл | е) Belladonna,ae f |
| 7. Сәлбен | ж) Salvia, ae f |
| 8. Қайын | з) Rosa, ae f |
| 9. Итжидек | и) Althaea, ae f |
| 10. Піштен | к) Calendula, ae f |

2. Рецепттерді латын тілінен қазақ тіліне аударыңыз:

Recipe: Tincturae Convallariae
Tincturae Valeriānae ana 10 ml
Tincturae Belladonnae 5 ml
Misce. Da.
Signa. 20-25 тамшыдан күніне 2-3 рет

Recipe: Aquae Menthae 200 ml
Da.
Signa. 10 тамшыдан күніне 5-10 рет

Recipe: Herbae Salviae
Herbae Althaeae quantum satis
Da.
Signa.

Recipe: Massae pilulārum quantum satis
ut fiant pilulae numero 60
Misceatur. Detur.
Signetur.

3. Рецепттерді қазақ тілінен латын тіліне аударыңыз:

- Ал: Қалақай тұнбасының
Итмурын тұнбасының бірдей мөлшерде 10 мл
Қырмызыгүл тұнбасының 50 мл
Араластыр. Босат. Белгіле.
- Ал: Эвкалипт жапырақтарының
Сәлбен жапырақтарының бірдей мөлшерде 3,0
Түймедақ гүлдерінің 2,0
Бұрыш жалбызы майының XI тамшысын

Араластыр, жиынтық түзілсін.

Босат. Белгіле.

Ал: Итшомырт жапырақтарының 30,0

Қалақай жапырақтарының 20,0

Қазтабан шөбінің 10,0

Араластыр, жиынтық түзілсін.

Босат. Белгіле.

Ал: Шүйгіншөп тұнбасының

Інжугүл тұнбасының бірдей мөлшерде 10 мл

Итжидек тұнбасының 2,5 мл

Тазартылған судың 0,1

Араластыр. Босат. Белгіле.

4. Рецепттегі таблеткалардың жазылуына назар аударып, рецепттерді қазақ тілінен латын тіліне аударыңыз:

Recipe: Tabulettas Bromisovalii 0,3 numero 10

Da.

Signa. 1 таблеткадан күніне 2 рет

Recipe: Tabulettas Tetracyclini obductas 0,25

Da tales doses numero 10.

Recipe: Tabulettas Penicillini 125 000 ED obductas numero 15

Da.

Signa.

Recipe: Tabulettas Diiodthyrosini 0, 05 numero 20

Da.

Signa: 1 таблеткадан күніне 2-3 рет тамақтан кейін

Recipe: Tabulettas "Decamevītum"-1 obductas numero 40

Da.

Signa: 1 таблеткадан күніне 2 рет тамақтан кейін

5. Таблеткаларды атау және табыс септіктеріне көпше түрінде қойыңыз және латын тіліне аударыңыз:

а) мономицин таблеткалары; сыртқа қабылдауға арналған фурацилин таблеткалары; қабықпен қапталған линоцеребин таблеткалары.

б) «Анкофен» таблеткалары, «Витациклин» таблеткалары, «Сульфален» таблеткалары, қабықпен қапталған «Микройод» таблеткалары.

6. Рецепттерді латын тіліне аударыңыз:

1. Ал:Сульфадимезин таблеткаларын 0,5 12 санымен
Босат. Белгіле.
2. Ал:Олеандомицин фосфаты таблеткаларын 0,125 25 санымен
Босатылсын. Белгіленсін.
3. Ал: «Белластезин» таблеткаларын 10 санымен
Босат. Белгіле.
4. Ал:Қабықпен қапталған «Микройод» таблеткаларын 10 санымен
Босат. Белгіле.
5. Ал:«Уросал» таблеткаларын 20 санымен
Босат.
Белгіле: 1-2 таблеткадан күніне 1 рет.
6. Ал:Фенобарбитал таблеткаларын 0,1 6 санымен
Босат.
Белгіле: 1 таблеткадан түнге
7. Ал:«Бло» таблеткаларын 50 санымен
Босат.
Белгіле: 4 таблеткадан күніне 3 рет.
8. Ал:Промедол таблеткаларын 0, 025 6 санымен
Босат.
Белгіле: 1 таблеткадан күніне 1-2 рет.
9. Ал:Этаперазин таблеткаларын 0,004 30 санымен
Босат.
Белгіле: 1 таблеткадан күніне 3-4 рет.

Стандартты рецептуралық анықтамалар

Tabulettae Raunatini obductae - қабықпен қапталған Раунатин
таблеткалары

Tabulettae Raunatini enterosolubiles – ішекте еритін Раунатин
таблеткалары

Tabulettae Raunatini sublinguales (подъязычные) – тіласты Раунатин
таблеткалары

Recipe - Ал

Misce. Da. Signa. - Араластыр. Босат. Белгіле.

Misceatur. Detur. Signetur. - Араластырылсын. Босатылсын. Белгіленсін.

Steriliza. Repete. –Зарарсыздандыр. Қайтала.

Sterilizetur – Зарарсыздандырылсын.

Repetatur - Қайталансын.

quantum satis – керегінше

Misce, (ut) fiat pulvis – Араластыр, ұнтақ түзілсін

Misce, (ut) fiant species – Араластыр, жиынтық түзілсін

Da tales doses numero 12 - Осындай мөлшерде 12 санымен босат.

Da tales doses numero 12 in tabulettis - Осындай мөлшерде 12 санымен таблетка түрінде босат.

Detur tales doses numero 12 - Осындай мөлшерде 12 санымен босатылсын.

Recipe: Pulveris radice Glycyrrhizae quantum satis ut fiant pilulae numero 30 -

Ал: Қызылмия тамыры ұнтақ дәрісін керегінше 30 санымен пилюлялар жасалу үшін

6. АШЫҚ РАЙДАҒЫ НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ЫРЫҚСЫЗ ЕТІС ФОРМАЛАРЫНДАҒЫ ЕТІСТІКТЕРДІҢ ЖІКТЕЛУІ. «ESSE» - БОЛУ ЕТІСТІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Латын тіліндегі етістіктердің жақ түрі, жекеше, көпше түрі, рай түрлері, етіс тұлғалары бар.

Фармацевттердің рецепттерде кездесетін тек **осы шақ (praesens)** етістіктерін білуі қажет.

Ашық рай (indicativus). Оның мәні қазақ тіліндегідей. Мысалы:

Фармацевт суды зарарсыздандырады.

Су фармацевтпен зарарсыздандырылады.

Бұл екі сөйлемде ашық рай әртүрлі етіс тұлғасымен берілген: негізгі етіс (actīvum) және ырықсыз етіс (passīvum). Егер бастауыш іс-әрекеттің атқарушысы, қимыл иесі болса, онда сөйлемде негізгі етісті баяндауыш қолданылады, егер бастауышқа басқа бір тұлғаның немесе заттың әрекетінен әсер етілсе, онда сөйлемде ырықсыз етісті баяндауыш қолданылады.

Жіктік жалғаулары

Етістер бір бірінен жіктік жалғауларымен ерекшеленеді. Етістіктің жіктік жалғаулары жақ түрін, жекеше, көпше түрін, етіс тұлғаларын көрсетеді.

Сондықтан, етістікті жіктеу, көптеу, етістер бойынша түрлендіру үшін оның жіктік жалғауларын меңгеру керек.

Рецепттерде етістіктің үшінші жағы ғана пайдаланылады.

Етістіктің негізгі етіс пен ырықсыз етіс тұлғаларының 3 жақ жалғаулары

	Негізгі етіс	Ырықсыз етіс
3 жақ, жекеше түрі	-t	-tur
3 жақ, көпше түрі	-nt	-ntur

Етістіктің жекеше және көпше түріндегі 3 жақ тұлғаларының үлгілері

Жіктелуі	Негізгі етіс	Ырықсыз етіс
1	signa- t – белгілейді (ол) signa- nt – белгілейді (олар)	signa- tur – белгіленеді (ол) signa- ntur – белгіленеді (олар)
2	adhibē- t – қолданады (ол) adhibē- nt – қолданады (олар)	adhibē- tur – қолданылады (ол) adhibē- ntur – қолданылады (олар)
3	solv- ī-t - ерітеді (ол) solv- ū-nt – ерітеді (олар)	solv- ī-tur - ерітіледі (ол) solv- ū-ntur – ерітіледі (олар)
4	linī- t – жағады (ол) linī- ū-nt – жағады (олар)	linī- tur – жағылады (ол) linī- ū-ntur – жағылады (олар)

Барлық жақтағы етістіктердің жіктік жалғаулары (танысу үшін)

	Негізгі етіс		Ырықсыз етіс	
	Жекеше түрі	Көпше түрі	Жекеше түрі	Көпше түрі
1 жақ	-o	-mus	-or	-mur
2 жақ	-s	-tis	-ris	-mini
3 жақ	-t	-nt	-tur	-ntur

1, 2 және 4 жіктік етістіктеріне жалғаулар тура етістіктің негізіне жалғанады, ал 3 жіктік етістіктеріне жіктік жалғаулар жекеше түрде – **ī**, көпше түрде – **ū** байланыстырғыш дауысты дыбыстары арқылы жалғанады. 4-інші жіктік етістігінің 3-ші жақ көпше түрінде негіз және жіктік жалғауының арасында байланыстырғыш дауысты– **ū** дыбысы жазылады.

Әдетте латын тілінің етістігінің жанына есімдік қойылмайды.

Sum, fui, esse /«болу» етістігі және оның қолданылуы

Esse «болу» етістігі тура мағынасында сирек қолданылады.

Esse «болу» етістігінің жіктелуі (танысу үшін)

жақ	жекеше түрі	көпше түрі
1	sum	sumus
2	es	estis

3	est бар, болып тұр, болады	sunt бар, болып тұр, болады
---	---	--

Бұл етістік келесі жағдайларда қолданылуы мүмкін:

1. Дербес етістік ретінде: *In officīna est tinctūra Valerianae.* - Дәрiханада шүйгiншөп тұнбасы бар.

2. Есім құрамды баяндауышта байланыстыратын қосымша етістік ретінде: *Ephēdra planta est.* (қылша – өсімдік).

Тақырып бойынша тапсырмалар:

Етістік тұлғасының аударуы жалғауды анықтаудан басталады, мысалы, *crescīt* тұлғасындағы – *t* жіктік жалғауы 3-інші жақ, жекеше түрі, осы шақ, белсенді етіс грамматикалық мағынасын білдіреді. *cresc-* негізі дауыссыз дыбысқа аяқталады, сондықтан, бұл 3-інші жіктік етістігі. Сөздікте етістіктің аудармасын табу үшін, 1 жақ, жекеше түрі, осы шақ тұлғасын жасау қажет, ол үшін түбірге – *o* жалғауы жалғанады- *cresco*. Сөздікте *cresco* сөзін табамыз – «өсу». *Crescīt* тұлғасының аудармасы - (*ол*) *өседі*.

1. Етістіктердің негізгі және ырықсыз етістерінің жекеше және көпше түрінің 3 жағын жасаңыз; бұйрық рай құрыңыз; Әрбір етістік тұлғасын аударыңыз:

macerāre, adhibēre, dividēre, finīre, conspergēre, docēre, sterilisāre, contundēre, terēre.

2. Етістіктердің тұлғаларын анықтаңыз және қазақ тіліне аударыңыз:

verte, preparātur, continēt, vertitur, sumunt, colātur, continentur, sumuntur, formantur, vertit.

3. Қателерді табыңыз:

Pharmaceuta herbam concīditur. 2. Femīnae mixtūram sumit. Tinctūrae praescribitur.

4. Қазақ тіліне аударыңыз.

1. *Puella aegrōta est. 2. Pharmaceuta aquam bis destillat. 3. Medicīna antīqua plantam «Aloë» scit. 4. Tormentilla, Farfāra, Althaea, Convallaria, Glycyrrhiza plantae sunt. 5. Hippophaë in arēna et petris crescit. 6. Etiam bestia memoriam habet. 7. Si magistra narrat, audīre debētis. 8. E massa pilulārum pilulas praeparāmus. 9. Si septem horas dormis, satis est. 10. Natura hihil sine causa gignit. 11. Bene laborāre debēmus. 12. Quis in vita nunquam errat? Qui nihil agit. 13. Cogīto, ergo sum. 14. Dum spiro, spero. 15. Bis dat, qui cito dat. 16. Cum tacent, clamant. 17. Pecunia non olet.*

5. Латын тіліне аударыңыз.

1. Олар жақсы және тез жұмыс істейді. 2. Таблеткаларды қорапшаларда, микстураларды шөлмектерде береді. 3. Шайыр медицинада қолданылады. 4.

Өсімдіктерден дәрілік заттарды шығарады. 5. Ауру меруертгүл тұнбасының тамшыларын ішеді. 6. Страстоцвет шөбін кептіріңіз. 7. Теңіз орамжапырақтың құрамында йод бар.

6. Рецепттерді латын тіліне аударыңыз.

1. Ал: Меруертгүл тұнбасының
Шүйгіншөп тұнбасының 10 мл-ден
Араластыр. Босат.
Белгіле.
2. Ал: Метилэстрадиол таблеткаларын 0,0002-ден 10 санымен
Босат. Белгіле.
3. Ал: «Осарбон» вагиналды суппозиторийлерін 10 санымен
Босат. Белгіле.
4. Ал: Сәлбен шөбінің
Осындай мөлшерде 12 санымен таблетка түрінде босат.
Белгіле.
5. Ал: «Пенталгин» таблеткаларын 5 санымен
Босатылсын. Белгіленсін.
6. Ал: Шүйгіншөп тұнбасының
Босат. Белгіле.
7. Ал: Апиын тұнбасының 2 мл.
Бұрыш жалбызы тұнбасының 4 мл.
Жусан тұнбасының 6 мл.
Меруертгүл тұнбасының 8 мл.
Араластыр. Босат.
Белгіле.
8. Ал: «Анестезол» суппозиторийлерін 20 санымен
Босат.
Белгіле.

7. СӨЗ АЛДЫНА ҚОЙЫЛАТЫН КӨМЕКШІ СӨЗДЕР АРҚЫЛЫ МЕҢГЕРУ. ЖАЛҒАУЛЫҚТАР

Көптеген халықаралық медициналық және фармацевтикалық сөйлемшелер сөз алдына қойылатын көмекші сөздер көмегімен жасалған. Мысалы:

Per se - таза түрде

Pro injectionibus – инъекциялар жасау үшін

Ex tempore - қажеттілігіне қарай.

1. Латын тілінде сөз алдына қойылатын көмекші сөздер екі септікті ғана меңгереді: Accusativus (табыс септік) және Ablativus (көмектес, шығыс септік).

2. Қазақ тілінде бұл сөз алдына қойылатын көмекші сөздер септік жалғаулары, септеуліктер, есім сөздерден сын есім тудыратын жұрнақтар арқылы аударылады және басқа септіктерді меңгереді. *ex* сөз алдына қойылатын көмекші сөзі латын тілінде аблятивті меңгереді, ал қазақ тілінде шығыс септікті білдіреді; *sine* көмекші сөзі латын тілінде аблятивті меңгереді, ал қазақ тілінде – есім сөздерден сын есім тудыратын *сыз (сіз)* жұрнақтары арқылы беріледі. *Contra* (қарсы) көмекші сөзі латын тілінде табыс септікті білдіреді, қазақ тілінде – барыс септікті меңгеріп, септеулік арқылы беріледі:

Ex aqua (Abl.) – судан (шығыс септік)

Sine aqua (Abl.) – сусыз (сын есім)

Contra anaemiam (Acc.) – қаназдыққа қарсы (барыс септік)

Casus accusativus

Табыс септік (accusativus) – тура толықтауыштың септігі. Сонымен бірге, ол кейбір сөз алдына қойылатын көмекші сөздермен қолданылады.

Masculinum және femininum родтағы зат есімдердің табыс септікте алдына септеуге сәйкес дауысты дыбыстар қойылатын өзіне тән көмекші сөздері бар:

Acc. sing. - **m**

Gen. sing. - **s**

Аккузатив жалғаулары (m, f)

Singularis			Pluralis		
септеу	жалғау	мысал	септеу	жалғ.	мысал
I	-am	tinctur am amar am	I	-as	tinctur as amar as
II	-um	succu um gastricu um	II	-os	succo os gastrico os
III	-em (• -im)	partem (dos im) aequale m	III	-es	partes(doses) aequales
IV	-um	fructu um	IV	-us	fructu s
V	-em	specie m	V	-es	specie s

– *im* – жалғауы грек тілінен енген –*sis* (dosis, is f) аяқталатын III септеудің бірдей күрделі зат есімдерінде және *tussis*, is f (жөтел); *febris*, is f (безгек); *pelvis*, is f (жамбас) сияқты кейбір латын зат есімдерінде бар.

Табыс септікті меңгеретін сөз алдына қойылатын көмекші сөздер

ad (- дейін, - болған кезде, - үшін, - ішінде)

ad 200,0 – 200 г. дейін

ad decubitum – ұзақ жатқаннан ойылған жер болған кезде

ad usum internum – ішке қабылдау үшін

ad usum externum – сыртқа қабылдау үшін

contra – қарсы

contra tussim – жөтелге қарсы

inter - арасы
per (- арқылы)
post - кейін

inter digitos – саусақтар арасында
 per os – ауыз арқылы
 per inhalationem – ингаляция арқылы
 post morbum – аурудан кейін

Casus ablativus

Ablativus қазақ тілінің көмектес септігіне сәйкес келеді, кіммен? немен? сұрақтарына жауап береді, сонымен бірге, кейбір басқа септіктердің қызметтерін атқарады. Сөз алдына қойылатын көмекші сөздермен қолданылады.

Аблятив жалғаулары (m, f, n)

Singularis			Plurpalis		
септеу	жалғау	мысалы	септеу	жалғау	мысалы
I	-a	tinctura amara	I	-is	tincturis amaris
II	-o	succo gastrico	II	-is	succis gastricis
III	-e (• -i)	parte (dosi) aequali	III	-ibus	partibus (dosibus) aequalibus
IV	-u	fructu	IV	-ibus	fructibus
V	-e	specie	V	-ebus	speciebus

Abl. Sing. – **i** жалғауы:

1. Nom. Sing. **-e, -al, -ar** (III септеудің дауысты түрі) жалғаулары бар зат есімдерде;
2. II-ші топтың (III септеудің) сын есімдерінде;
3. грек тілінен енген – **sis** (dosis, is f) аяқталатын III септеудің бірдей күрделі зат есімдерінде және tussis, is f; febris, is f; pelvis, is f сияқты кейбір латын зат есімдерінде бар.

Аблятивті меңгеретін сөз алдына қойылатын көмекші сөздер

cum - ...мен, бен, пен

cum extracto – сығындымен

ex -...дан, ден, тан, тен, нан, нен

ex spiritu – спирттен

pro - үшін

pro inhalatione – ингаляция үшін
 pro narcosi – наркоз үшін

sine – сыз, сіз

sine aqua – сусыз

de – туралы

de vita – өмір туралы

Accusativus пен Ablativus меңгеретін сөз алдына қойылатын көмекші сөздер (екі септіктің көмекші сөздері)

In (ішіне, ішінде), sub (асына, астында) сөз алдына қойылатын көмекші сөздері бұл көмекші сөздермен байланысатын зат есімдерге қойылатын сұрағына сәйкес табыс септікті де, аблятивті де меңгереді:

in	қайда? ненің ішіне? →	Accusativus
sub	қайда? Ненің ішінде? →	Ablativus

Мысалы: қайда? қорапшаға - in scatulam (Accusativus)
қайда? қорапшада - in scatula (Ablativus)
қайда? арқаның астына - sub dorsum (Accusativus)
қайда? арқаның астында - sub dorso (Ablativus)

Жалғаулықтар

Ыңғайлас: *et* – және, *atque* – сонымен бірге.

Талғаулықты: *aut, seu* – немесе.

aut жалғаулығы бір-біріне қайшы келетін ұғымдарды, заттарды, салмақ өлшемдерін білдіретін сөздер арасына қойылады:

Disce aut discede – оқы немесе әрі тұр.

Convallaria aut Belladonna – меруертгүл немесе итжидек

Tabulettae Dimedroli 0,5 aut 0,25 - димедрол таблеткалары 0,5-тен немесе 0,25-тен

seu жалғаулығы тек қана синонимдер арасына қойылады:

Amidopyrinum seu Piramidonum – амидопирин, немесе пирамидон (бір заттың екі атауы)

non **болымсыз** жалғаулығы болымсыз түрінде қолдануға жататын сөздің алдына қойылады: *Non scholae, sed vitae discimus.* – Біз мектеп үшін емес, өмір үшін оқимыз.

Тапсырмалар:

1. Терминдерді латын тіліне аударып, екі бағанға бөліп жазыңыз: бірінші бағанға септіктің түрі сұраққа байланысты болатын терминдерді, екінші бағанға септіктің түрі сөз алдына қойылатын көмекші сөзбен анықталатын терминдерді жазыңыз:

өрік шайыры, арника тұнбасы, бромкамфора таблеткалары, шүйгіншөп тұнбасының тамшылары, меруертгүл шөбі, камфорамен, қағаз ішінде, капсула түрінде, дәріханалар үшін, страстоцвет шөбі, бұрыш жалбызы тұнбасы.

2. Келесі терминдерді дауыстап оқып, қазақ тіліне аударыңыз:

Tinctura Menthae; herba Ephedrae; tinctura Schizandrae; plantae; massa pilularum; e massa pilularum; e baccis, sine cera; in mixture; familiae plantarum; ad pneumoniam; sub lingua, oleum Hippophaes; succus Kalanchoes; herba Hierochloes; tinctura Aloe.

3. Сөйлемдерді жазбаша аударыңыз.

Латын тілінен:

1. Solve gummi Armeniacaе in aqua. 2. Monstrate Tormentillam. 3. Ponite tabulettas Bromcamphorae in ollam. 4. Obduce tabulettas cera. 5. Concide herbam Rutae. 6. Noli praescribere tincturam Schizandrae ad hypertonium. 7. Sophora planta est. 8. Da feminae tincturam Valerianae et tincturam Convallariae. 9. Ad memoriam. 10. “Pro et contra”. 11. Non est vivere, sed valere vita.

Қазақ тілінен:

1. Капсула түрінде бер. 2. Қорапшамен бер. 3. Шөлмекке құй. 4. Капсуламен қабылда. 5. Суды екі рет дистилде. 6. Меруертгүл тұнбасын шүйгіншөп тұнбасымен бірдей мөлшерде араластыр. 7. Салбен тұнбасының тамшыларын құй. 8. Баспа ауруы болған кезде қырмызыгүл тұнбасын қабылда. 9. Камформен шүйгіншөп тұнбасын жазып бер. 10. Өсімдікті қызылмия деп ата. 11. Жалбызтікен шөбін кес. 12. Шөлмекпен бер. 13. Қағаз ішінде бер. 14. Қабықпен қабылда. 15. Дәріхана үшін мына өсімдіктерді жинаңдар: жалбыз, қалақай, қырмызыгүл және қылша. 16. Пилюльдік массада пиллюляларды жаса. 17. Камфорамен шүйгіншөп таблеткаларын беріңіз. 18. Суда. Суға. 19. Тілдің астына. Тілдің астында.

4. Рецепттерді латын тіліне аударыңыз:

1. Ал: Жөтелге қарсы таблеткаларын 20 санымен
Босат.
Белгіле: 1 таблеткадан күніне 2 рет
2. Ал: Пирогеналдың 1,0
Осындай мөлшерде 20 санымен ампула түрінде босат.
Белгіле.
3. Ал: Стрептоцидтің 0,5
Осындай мөлшерде 12 санымен таблетка түрінде босат.
Белгіле.
4. Ал: Мүсәтір спиртiнiң 10% 100мл
Қара шыны ыдыста босат.
Белгіле.
5. Ал: Наркоз үшін эфирдің 100 мл
Қара шыны ыдыста босат.
Белгіле.
6. Ал: Ішекте еритін морфоциклин таблеткаларын 0,15 20 санымен
Босат.
Белгіле.
7. Ал: Сыртқа қабылдауға арналған фурацилин таблеткаларын 0,02 10
санымен
Босатылсын.
Белгіленсін.
8. Ал: Қабықпен қапталған олеандомицин фосфат таблеткаларын 0,125
30 санымен
Босат.

- Белгіле.
9. Ал: Новокаиннің 1,25
Инъекцияларға арналған судың 500 мл
Араластыр. Зарарсыздандыр!
Босат. Белгіле.
10. Ал: Фурацилин таблеткасын 0,02 10 санымен сыртқа қыбылдау үшін
Босатылсын. Белгіленсін.

5. Рецепттерде қолданылатын келесі сөз алдына қойылатын көмекші сөздер құрылымдарын есте сақтаңыз.

Лексикалық минимум

Табыс септікті меңгеретін сөз алдына қойылатын көмекші сөздер

contra tussim - жөтелге қарсы
ad usum internum - ішке қабылдау үшін
ad usum externum - сыртқа қабылдау үшін
ad cataplasmata - булау үшін
ad clavos - сүйелдер болған кезде (сүйелдер үшін)
ad gargarisma - шаю үшін
per os - ауыз арқылы
per rectum - тік ішек арқылы
per se - таза түрінде
per inhalationem - ингаляция арқылы
per horam - бір сағат ішінде
per diem - бір күн ішінде
per clyisma - клизма арқылы
per vaginam - қынап арқылы
per vias naturals - табиғи жолдар арқылы

Көмектес септікті меңгеретін сөз алдына қойылатын көмекші сөздер

cum extracto - сығындымен
cum Ferro - темірмен
cum radicibus - тамырлармен
suppositoria cum Ichtyolo - ихтиолмен суппозиторийлер
suppositoria cum Novocaino - новокаинмен суппозиторийлер
pro injectionibus - инъекциялар үшін
pro me - мен үшін
pro narcosi - наркоз үшін, наркозға арналған
pro dosi - бір рет қабылдау үшін
pro die - бір күнге
pro infantibus - балалар үшін
pro adultis - ересектер үшін
pro cursu - бір курсқа
pro die - бір күнге, дәрінің тәуліктік мөлшері
pro dosi - бір рет қабылдау үшін, дәрінің бір реттік мөлшері

pro inhalatione - ингаляция үшін
pro ro(e)ntgeno - рентген үшін
pro usu interno - ішке қабылдау үшін
pro usu externo - сыртқа қабылдау үшін

Табыс септік пен көмектес септікті меңгеретін сөз алдына қойылатын көмекші сөздер:

sub lingua - тіл астында
sub linguam - тіл астына
in capsulis - капсула түрінде
in ampullis - ампула түрінде
in capsulis amyloaceis – крахмал капсула түрінде
in capsulis gelatinosis - желатин капсула түрінде

in charta serrata - балауыз қағазда
in charta paraffinata - парафин қағазда
in lagenis - құтылардың ішіндегі
in tabulettis - таблетка түрінде
in tabulettis obductis - қабықпен қапталған таблетка түрінде

in vitro - пробирканың ішінде, сынауықтың ішінде
in vitrum - пробиркаға (шыны ыдысқа)
in pulveribus - ұнтақ түрінде
in spritz-tubulis - шприц-түтіктер ішінде
in suppositoriis - суппозиторий түрінде
in vitro nigro - қара шыны ыдыста
in vivo - тірі ағзада
in officina - дәріханада
in officinam - дәріханаға
in partes aequales - тең бөліктерге

**8. ЛАТЫН СӨЙЛЕМДЕРІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ОРЫН ТӘРТІБІ.
ЛАТЫН ТІЛІНДЕГІ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

Латын сөйлемдеріндегі сөздердің орын тәртібі

1. Латын тілінде сөздердің орын тәртібі еркін, бірақ баяндауыш әдетте сөйлем соңында келеді.
2. Логикалық екпін түсіп тұрған сөз сөйлемнің басында не аяғында қойылады.
3. Жіктеу есімдігінен болған бастауыш әдетте жазылмайды.
4. Есім баяндауыштың есім бөлігі әрқашан атау септігінде тұрады.
5. Сөздердің тура тәртібінде бастауыш тобы сөйлемнің басында, баяндауыш тобы сөйлемнің соңында тұрады.
6. Тура және жанама толықтауыш басқарушы етістік-баяндауыштың алдында тұрады және де жанама толықтауыш тура толықтауыштан бұрын тұрады.

7. Сын есімнен немесе тәуелдеу есімдігінен болған қиыса байланысқан анықтауыш әдетте анықталушы сөзден кейін келеді.

8. Сандық мағынаны білдіретін сын есім анықталушы сөздің алдында тұрады.

9. Қиыспай байланысқан анықтауыш (яғни зат есімнің ілік септігімен берілген анықтауыш) анықталушы сөзден кейін тұрады. Қазақ тіліне ілік септіктегі зат есім түрінде аударылады және анықталушы сөздің алдында тұрады. (қиыспай байланысқан анықтауыш (зат есім, ненің?) + анықталушы сөз (зат есім, несі?).

Латын сөйлемінің құрылымы

Келесі мысалды қарастырайық: *Insecta in terra et aqua habitant.*

Берілген сөйлемде етістіктің жіктік тұлғасы **habitant болып табылады.** –nt жалғауы арқылы берілген етістік тұлғасының грамматикалық мағынасын анықтаймыз: негізгі етістің көпше түрінің 3 жағы. Баяндауыш түрі бастауыштың көпше түрде болу керектігін көрсетеді. Қаралатын сөйлемде бастауыш болып тек қана *insecta* «жәндіктер» сөзі бола алады. Грамматикалық негіздің аудармасы «жәндіктер мекендейді». Сөйлемдегі қалған сөздердің формалды көрсеткіштері бойынша *in terra et aqua* (көмектес септ., жекеше т.) іс-әрекеттің орнын көрсететінін анықтаймыз. Берілген сөйлем: «Жәндіктер жерде және суда мекендейді» деп аударылады.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

1. Қазақ тіліне аударыңыз.

1. Tinctura Ipecacuanhae. 2. Aqua Chamomillae. 3. Da feminae tincturam Valerianaе aut tincturam Convallariae. 4. Pone tabulettam sub linguam. 5. Collige herbam Ephedrae et sicca. 6. Nolite praescribere tincturam Schizandrae ad hypertonium. 7. Curate aegrotas herbis. 8. Ponite tabulettas in aquam. 9. Tincturae per chartam filtrantur. 10. Cera in medicina adhibetur. 11. Magnesia in aqua male solvitur. 12. Tabulettae in scatulis dantur, mixturae – in lagenis. 13. Si juvatur, natura laudatur, si non juvatur, medicus accusatur. 14. Qui scribit, bis legit.

2. Латын тіліне аударыңыз.

1. Камфора суда ерімейді. 2. Фармацевт меруертгүл тұнбасын шүйгіншөп тұнбасымен араластырады. 3. Пилюляларды пилюльдік массадан құрайды. 4. Өсімдік қызылмия деп аталады. 5. Науқас есекмия тұнбасын қабылдайды. 6. Шырғанақ – бұл өсімдік. 7. Өсімдіктерден заттар алынады. 8. Шөптер медицинада қолданылады. 9. Фармацевттер суды шөлмектерге құяды. 10. Суды шөлмектерге құяды. 11. Өсімдіктерде тұнбалар, таблеткалар және пилюлялар жасау үшін заттар бар. 12. Біз дәріхана үшін қалақай, өгейшөп және түймедақ жинап жүрміз. 13. Мен таблетканы ұнтақтаймын және суда ерітемін.

3. Аударыңыз.

1. Aegrōta mixtūram agitat. 2. Pharmaceutae herbam diu coquunt. 3. In baccis Uvae glucōsum continētur. 4. Femīnae plantas Urtīcam, Mentham, Eucommiam, Chamomillam pro officīnis colligunt. 5. Magnesia in aqua male solvitur. 6. “Bis dat, qui cito dat”. 7. “Tibi semper est victoria, ubi Concordia est” (Syrus). 8. Veto. 9. “Duo cum faciunt idem, - non est idem”. 10. “Nunquam recte facit, qui cito credit” (Petronius).

4. Ауызша латын тіліне аударыңыз.

Алоэ тұнбасы, қырмызыгүл тұнбасы, өрік шайыры, бадам суы, арамшағыр шөбі, пилюльдік масса, қылша шөбі, бромкамфора таблеткалары, сермене, қазтабан, итжидек шөбі.

9. II СЕПТЕУ. –ER–ГЕ АЯҚТАЛАТЫН ЗАТ ЕСІМДЕР. ДӘРІЛІК ҚАЛЫПТАР. СУППОЗИТОРИЙЛЕРДІҢ ЖАЗЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

II септеуге nom. sing. септігінің жекеше түрінде **-us** –ке (жалғау) немесе **-er**-ге (негіздің жалғауы) аяқталатын masculinum родындағы немесе nom. sing. септігінің жекеше түрінде **-um**-ге аяқталатын neutrum родындағы зат есімдер жатады. Gen. sing. септігінің жекеше түрінде II септеудегі барлық зат есімдерге **-i**- жалғауы жалғанады, мысалы:

globulus, i m – шарик (түйіршік)

sirupus, i m – сироп

extractum, i n – сығынды

infusum, i n – тұндырма

Glucosum, i n - глюкоза

Ricīnus, i m – майсана, майкене

encephalon, i n – ми

II септеудегі зат есімдердің септік жалғаулары

Causus	Singulāris		Plurālis	
	m	n	m	n
Nominatīvus	-us, -er	-um	-i	-a
Genetīvus	-i		-ōrum	
Datīvus	-o		-is	
Accusatīvus	-um		-os	-a
Ablatīvus	-o		-is	

Аталық тегіндегі зат есімдердің септелу үлгісі

sirupus, i m – шәрбат

	Numērus singulāris	Numērus plurālis
Nominatīvus	<i>sirupus</i> - шәрбат	<i>sirupi</i> - шәрбаттар

Genetīvus	<i>sirupī</i> - шәрбаттың	<i>sirupōrum</i> - шәрбаттардың
Datīvus	<i>sirupo</i> - шәрбатқа	<i>sirupis</i> - шәрбаттарға
Accusatīvus	<i>sirupum</i> - шәрбатты	<i>sirupos</i> - шәрбаттарды
Ablatīvus	<i>sirupo</i> – шәрбатпен шәрбат туралы	<i>sirupis</i> – шәрбаттармен шәрбаттар туралы

Орта тегіндегі зат есімдердің септелу үлгісі

acidum, i n - қышқыл

	Singulāris	Plurālis
Nominatīvus	<i>acidum</i> - қышқыл	<i>acida</i> - қышқылдар
Genetīvus	<i>acidi</i> - қышқылдың	<i>acidōrum</i> – қышқылдардың
Datīvus	<i>acido</i> - қышқылға	<i>acidis</i> - қышқылдарға
Accusatīvus	<i>acidum</i> - қышқылды	<i>acida</i> - қышқылдарды
Ablatīvus	<i>acido</i> – қышқылмен қышқыл туралы	<i>acidis</i> – қышқылдармен қышқылдар туралы

–er –ге аяқталатын зат есімдер

–er-ге аяқталатын зат есімдердің көбісінде негіздің –е дауысты дыбысы nom. sing. септігінен басқа барлық септіктерде түсіп қалатынына назар аударыңыздар; сондықтан осындай зат есімдердің gen. sing. жалғауы сөздік мақаласында негізімен бірге беріледі. Мысалы: *cancer, cri m* – қатерлі ісік (рак ауруы), *Oleander, dri m* – олеандр. Осындай құбылыс орыс тілінде де кездеседі: ветер – ветра, ковер – ковра. Қазақ тілінде бұл құбылыс дауысты дыбыстардың редукциясы деп аталады: орын – орны, ауыз – аузы).

Кейбір –er –ге аяқталатын зат есімдердің септелу кезінде е дауысты дыбысы сақталады (орыс тіліндегідей: вечер – вечера). мысалы: руер, руігі m – ұл, бала.

magister, tri m – мұғалім

	Numērus singulāris	Numērus plurālis
Nominatīvus	<i>magistero</i> – мұғалім	<i>magistri</i> - мұғалімдар
Genetīvus	<i>magistri</i> - мұғалімның	<i>magistrōrum</i> - мұғалімдардың
Datīvus	<i>magistro</i> - мұғалімға	<i>magistris</i> - мұғалімдарға
Accusatīvus	<i>magistrum</i> - мұғалімны	<i>magistros</i> - мұғалімдарды

Ablatīvus	<i>magistro</i> – мұғаліммен, мұғалім туралы	<i>magistris</i> – мұғалімдармен, мұғалімдар туралы
-----------	--	---

Септеудің түріне қарамастан орта тегіндегі зат есімдердің жалпы ережелері

1. Табыс септік нысаны атау септік нысанымен сәйкес келеді
Acc. (Sing., Plur.) = Nom. (Sing., Plur.)

2. Көпше түрдің атау септік пен табыс септіктерінде –а жалғауы болады.

Суппозиторийлерді жазып берудің ерекше түрлері.

1. Рецепттерде суппозиторийлерді, дражелерді қысқаша түрінде жазып берген кезде дәрілік қалыптардың атаулары жекеше немесе көпше түрдің табыс септігінде жазылады: *Suppositoria; Suppositoria vaginalia*.

2. Құрамы күрделі дәрілік препараттарға айқындауыш болып табылатын жекеше түрдің атау септігінде тұратын және тырнақша ішінде жазылатын коммерциялық атау беріледі. Осындай препараттардың мөлшері стандартты болады және рецепттерде белгіленбейді. Мысалы: *suppositoria “Anaesthesolum”* – «Анестезол» суппозиторийлері.

3. Егер суппозиторий бір ғана дәрілік заттан тұрса, онда оның атауы аблятивте «*cum*» сөз алдына қойылатын көмекші сөзі көмегімен дәрілік қалыптың атауына қосылады, содан кейін Рецептпен грамматикалық байланыста болатын мөлшері көрсетіледі. Мысалы:

Recipe: Suppositoria cum Theophyllino 0.2

Ал: Теофиллинмен суппозиторийлерін 0,2

Тақырып бойынша тапсырмалар:

1. Ауызша септеңіз: қайнатпа, саңырауқұлақ

2. Ауызша аударыңыз: шәрбаттар, жидектер, суппозиторийлер, сандар, жақпамайлар, шөптер, түйіршіктер, майлар, шырындар.

3. Аударыңыз.

1. Oleum Olivārum per telam colātur. 2. Refrigerata et cola infūsum foliōrum Salviae. 3. Instilla Armīnum in oculos. 4. Tinctūra Leonūri in aegrōtos similiter atque praeparāta Valeriānae agit. 5. Medicus qui liberos curat, paedīāter vocātur. 6. Viperae in vivario vivunt. 7. Medice, cura aegrōtum sed non morbum. 8. Morbi non eloquentia, sed remediis curantur. 9. Qui scribit, bis legit. 10. Compendium medicamentōrum. 11. Morbus haemophilia (греч. philia – склонность) nominātur. 12. Aeger encephalopathia labōrat. 13. Praescrībe medicamentum ad colospasmos.

1. Recipe: Foliōrum Farfarae 50,0

Da.

Signa: 1 ас қасықтан бір стақан суға демдеу, 1 ас қасықтан күніне 3-4 рет қабылдау.

2. Recipe: Tincturae Strychni 5 ml
Tincturae Convallariae 15 ml
Misce. Da.
Signa: 15 тамшыдан күніне 2-3 рет
3. Recipe: Suppositoria cum Ichthyolo 0,2
Da numero 10 in scatula
Signa: 1 суппозиторийден күніне 1 рет

4. Жазбаша аударыңыз:

1. Суппозиторийлер мен шариктерде какао майы (қатты) пайдаланылады. 2. Суппозиторийлерді тік ішек арқылы, түйіршіктерді қынап арқылы енгізеді. 4. Микстураға таңқурай шәрбатын қос. 5. Таблеткаларды кейде қантпен, кейде какаомен немесе кератинмен қаптайды. 6. Науқасқа чилибуха тұнбасының тамшыларын бер.

1. Ал: Итшомырт жапырақтары қайнатпасының 20,0
Рауғаш шәрбатының 10,0
Араластыр. Босат.
Белгіле.
2. Ал: Алоэ сығындысының
Рауғаш ұнтағының 0,5
Араластыр, пилюлялар түзілсін 25 санымен
Босат. Белгіле.
3. Ал: Эвкалипт жапырақтарының
Сэлбен жапырақтарының бірдей мөлшерде 3, 0
Түймедақ гүлдерінің 2, 0
Бұрыш жалбызы 3,0
Араластыр, жиынтық түзілсін
Босатылсын. Белгіленсін.
4. Ал: Амидопириннің
Анальгиннің 0,25
Осындай мөлшерде 6 санымен таблетка түрінде босат.
Белгіле.
5. Ал: Жалбызтікен жапырақтарының
Түймедақ гүлдерінің 100,0
Зығыр сығындысының 50,0
Араластыр, ұнтақ түзілсін
Босат. Белгіле.
6. Ал: Камфораның 0,1
Қанттың 0,3
Араластыр, ұнтақ түзілсін
Осындай мөлшерде 10 санымен балауыз қағазда босат.
Белгіле.
7. Ал: Қарағай бүршіктерінің
Өгейшөп жапырақтарының бірдей мөлшерде 30, 0
Араластыр, ұнтақ түзілсін

Босат. Белгіле.

8. Ал: Меруертгүл тұнбасының
Шүйгіншөп тұнбасының 10,0
Долана сығындысының 5,0
Ментолдың 0,05
Араластыр. Босат.
Белгіле.
Белгіле: Сыртқа қабылдауға арналған.

5. Латын тіліне аударыңыздар:

1. Ал: Эуфиллинмен суппозиторийлерін 0,3
Осындай мөлшерде 12 санымен босатылсын.
Белгіленсін:
2. Ал: Теофиллинмен суппозиторийлерін 0,210 санымен
Босат. Белгіле.
3. Ал: Пипольфенмен тік ішектік суппозиторийлерін 0,025
Осындай мөлшерде 10 санымен босат.
Белгіле.
4. Ал: Итжидек сығындысымен суппозиторийлерін 0,012
Осындай мөлшерде 15 санымен босат.
Белгіле.
5. Ал: «Анузол» суппозиторийлерін 10 санымен
Босат. Белгіле.
6. Ал: «Осарцид» қынаптық суппозиторийлерін 20 санымен
Босатылсын. Белгіленсін.
7. Ал: Фенобарбиталмен микройод дражесін 40 санымен
Босат. Белгіле.

6. Латын тіліне көпше түрдің атау және табыс септігінде аударыңыз:

а) синтомицинмен қынаптық суппозиторийлер, ихтиолмен тік ішектік суппозиторийлер, теофиллинмен суппозиторийлер, эуфиллинмен суппозиторийлер, новокаинмен суппозиторийлер, папаверин гидрохлоридімен суппозиторийлер.

б) «Анузол» суппозиторийлері, «Анестезол» суппозиторийлері, «Осарбон» қынаптық суппозиторийлері, «Осарцид» қынаптық суппозиторийлері, «Контрацентин» қынаптық суппозиторийлері.

7. Жазбаша аударыңыз.

Улар және уларға қарсы дәрілер; ламинарид түйіршіктері, шариктер және суппозиторийлер, картоп крахмалы, күріш крахмалы, бидай крахмалы, каражидек жидектерінің қайнатпасы, күнбағыс жапырақтары, аюқұлақ жапырақтары қайнатпасы, ащы жусан шөбі, шайқурай шөбінің тұндырмасы, новокаинмен суппозиторийлер, түйіршіктер түріндегі витаминдер, алоэ сұйық жақпамайы, маралқурай тұнбасы, бұрыш тұнбасы.

1. Ал: Тальктың
Бидай крахмалының 15,0-ден
Араластыр. Босат.
Белгіле: балаларға арналған ұнтақ
2. Ал: Шайқурай тұнбасының 15 мл
Босат.
Белгіле: қызыл иекке жағу үшін
3. Ал: Ащы жусан шөбінің 25,0
Босат.
Белгіле: шөптің 1 шай қасығын бір стакан суға шай сияқты

демдеу

8. Латын тіліне аударыңыз, сөздік формасын жазыңыз және септеңіз:
Шәрбаттар, тұнбалар, қайнатпалар, қоспалар, майлар, сұйық
жақпамайлар, суппозиторийлер, эмульсиялар, түйіршіктер, шариктер.

9. Лексикалық минимумды сөздік дәптерге жазыңыздар және
жаттаңыздар:

Лексикалық минимум (Зат есімдердің II септігі)

Дәрілік қалыптарының атаулары.

aërosōlum, i n – аэрозоль - аэрозоль
bacillus, i m – таяқшасы - палочка
butyrum, i n – май (қатты) - масло (твердое)
balsamum, i n – бальзам
brikētum, i n - брикет
collodium, i n – коллодий
dragee – драже
decoctum, i n – қайнатпа - отвар
emplastrum, i n – пластырь
emulsum, i n – эмульсия
extractum, i n – сығынды - экстракт
globulus, i m – шарик
granulum, i n – түйіршік - гранула
infūsum, i n – тұндырма - настой
linimentum, i n – сұйық жақпамай - линимент
oleum, i n – май - масло
sirupus, i m – шәрбат - сироп
suppositorium, i n – суппозиторий, свеча
unguentum, i n – жақпамай - мазь
oculentum, i n – көзге арналған жақпамай – глазная мазь

Өсімдіктердің атаулары.

Absinthium, i n – жусан - полынь горькая

Anīsum, i n - анис
 Capsicum, i n – бұрыш - перец
 Erysimum, i n – ақпасшөп - желтушник
 Eucalyptus, i f – эвкалипт
 Foeniculum, i n – аскөк - укроп аптечный, фенхель
 Grataegus, i f - долана - боярышник
 Humulus lupulus, i m – құлмақ - хмель
 Hyosciāmus, i m – мендұана - белена
 Hyperīcum, i n – шайқурай - зверобой
 Helianthus, i m – күнбағыс - подсолнечник
 Iuniperus, i m – арша - можжевельник
 Leonūrus, i m – сасықшөп - пустырник
 Ledum, i n – саз - багульник
 Ботанич. Ledum palustre – саз қазанақ - багульник болотный
 Linum, i n – зығыр - лен
 Millefolium, i n – мыңжапырақ - тысячелистник (обыкновенный)
 Myrtillus, i m – қаражидек - черника
 Origanum, i n – киікоты, жұпаргүл - душица
 Oxycoccus, i m – мүкжидек - клюква
 Pinus, i f - қарағай - сосна
 Persicum, i n – шабдалы - персик
 Rheum, i n – рауғаш - ревень
 Ricīnus, i m – майсана, майкене - клещевина
 Rubus idaeus, i m – таңқурай - малина
 Sambucus, i f – ырғай, аюбадам - бузина
 Strophanthus, i m – строфант
 Strychnos, i f – чилибуха
 Stramonium, i n – сасық меңдуана - дурман
 Solānum, i n – алқа - паслен
 Solānum tuberosum i n - картофель, паслен клубненосный
 Serpyllum, i n – жебір - чабрец
 Taraxacum, i n – бақбақ - одуванчик
 Triticum, i n – бидай - пшеница
 Thymus, i m – жебіршөп - тимьян
 Ботанич. Thymus (i) serpyllum (i) - тасшөп жебір - тимьян ползучий,
 чабрец
 Uva (ae) ursi - аюқұлақ - толокнянка, медвежье ушко
 Verātrum, i n – маралқурай - чемерица
 Vitis (is) idaea (ae) f – ит бүлдірген - брусника

3-ші септіктің зат есімі

Adōnis, idis f (m) vernālis, e - көктемдегі жалынгүл – адонис (горичвет)
 весенний
 dosis, is f - мөлше - доза

Дәрі - дәрмектердің атаулары.

Coffeinum, i n - кофеин
Chloroformium, i n - хлороформ
Glycerinum, i n - глицерин
Glucosum, i n - глюкоза
Morphinum, i n - морфин
Papaverinum, i n - папаверин
Paracetamolium, i n - парацетамол
Talcum, i n - тальк

Басқа сөздер

antidōtum, i n – у қайтарғыш - противоядие
amylum, i n - крахмал
acidum, i n - қышқыл - кислота
bolus, i f – саз, балшық - глина
folium, i n – жапырақ - лист
fungus, i m – саңырауқұлақ - гриб
medicamentum, i n - дәрі - дәрмек - лекарство, лекарственное средство
numerus, i m – сан - число
oculus, i m – көз - глаз
paraffinum, i n - парафин
remedium, i n - средство (лечебное)
succus, i m – шырын - сок
saccharum, i n – қант - сахар
talcum, i n - тальк
venenum, i n – у, заһар, зәр - яд
vitaminum, i n - витамин
vitrum, i n – ыдыс - склянка

10. I ТОПТАҒЫ СЫН ЕСІМДЕР. СЫН ЕСІМДЕРДІҢ ЗАТ ЕСІМДЕРМЕН ҚИЫСУЫ. I-ТОПТАҒЫ СЫН ЕСІМДЕРДІҢ СЕПТЕЛУІ. СЫН ЕСІМДЕРДІҢ ШЫРАЙЛАРЫ. БҰРЫС ШЫРАЙЛАР

I – II топтардың сын есімдер

Латын тіліндегі сын есімдер орыс тілі сияқты род категориясы, сан, септік формаларында өзгереді.

Латын тіліндегі сын есімдер род жалғауларына сәйкес 2 топқа бөлінеді:

- 1) I топтың сын есімдер (немесе 1-2 септеудің);
- 2) II топтың сын есімдер (немесе 3 септеудің).

I топтың (немесе 1-2 септеудің) сын есімдері

Аталық тегінде *-us* немесе *-er*, аналық тегінде *-a*, орта тегінде *-um* аяқталатын сын есімдер I – II септеулерінің ерекшеліктерімен жіктеледі де олардың атауларымен түсіндіріледі.

I топтың немесе (1-2 септеудің) сын есімдері тектермен сараланған:

compositus, a, um «күрделі».

Compositus - сложный, «күрделі».

Composita – сложная, «күрделі».

compositum – сложное, «күрделі».

Сын есімдер сөздікте толығымен мужской родта беріледі, содан кейін женский род пен средний родтың жалғаулары орналасады.

<i>тек</i>	<i>m</i>	<i>f</i>	<i>n</i>
<i>сентеудің түрі</i>	II скл.	I скл.	II скл.
	<i>compositus</i> - күрделі	<i>composita</i> - күрделі	<i>compositum</i> - күрделі

Зат есім мен сын есімнің қиысуы

Сөз тіркесінде зат есім мен сын есім род, сан және септіктермен қиысады, сөз тіркестерінде есім сөздердің қиысу түрлері дәл келмеуі мүмкін.

Зат есім мен сын есімнің қиысуында сын есімдер зат есімнен кейін келетінін және зат есімдермен родта, санда, септіктерде қиысатынын есте сақтау керек,

Мысалы:

Cera, ae f – балауыз (I септелу, аналық тек);

flavus, a, um – сары (I тобы немесе 1-2 септеу);

cera flava - сары балауыз;

extractum, i n - сығынды (II септелу, орта тек);

fluidum, -a, -um – сұйық (I тобы немесе 1-2 септеу);

extractum fluidum – сұйық сығынды;

aqua, ae f - су (I септелу, аналық тек);

destillātus, a, um – дистилденген (I тобы немесе 1-2 септеу);

aqua destillāta – дистилденген су;

sirupus, i m - шәрбат (2 септелу, аталық тек);

simplex, -īcis «жай» (II тобы немесе 3 септеу);

sirupus simplex - жай шәрбат.

Әртүрлі сөз таптарынан жасалған бірнеше анықтауыштар болса, анықталуыш сөздің алдына анықтауыш қойылады, есімдіктен немесе есімдікті сын есімнен жасалған, ал анықтауыш сын есімнен немесе есімшеден жасалса анықтауыш сөзден кейін қойылады мысалы, *nostra terra clara* – біздің атақты еліміз.

Латын тілінде сын есімнің үш шырайы бар: жай, салыстырмалы, күшейтпелі.

Салыстырмалы шырай

Салыстырмалы шырай түбірге жұрнақтар: *-ior-* жұрнағы аталық және аналық тектер үшін және *-ius-* орта тек үшін.

Мысалы, *simplex, is* «жай, қарапайым» - салыстырмалы шырай *simplicior* «жайырақ», *simplicius* «жайырақ».

Nom. sing. салыстырмалы шырайда жалғауы жоқ.

III қиысқан септелуде сын есімдердің салыстырмалы шырайы бір дауыссыз дыбысты тең емес күрделі атаулар түрінде септеледі. Салыстырмалы шырайдағы сын есімдердегі жанама септіктердің негізі аталық тек болады, мысалы, *simplicior-is* (род.п. ед.ч.) «қарапайымдаудың»

Сын есімдердің салыстырмалы шырайда жіктелуі

	singulāris		plurālis	
	mf	n	mf	n
Nom.	simplic- ior , simplic- ius қарапайымдау		simplic- ior -es	simplic- ior -a қарапайымдаулар
Gen.	simplic- ior -is қарапайымдаудың		simplic- ior -um қарапайымдаулардың	
Dat.	simplic- ior -i қарапайымдауға		simplic- ior -ībus қарапайымдауларға	
Acc.	simplic- ior -em	simplic- ius қарапайымдауды	simplic- ior -es,	simplic- ior -a қарапайымдауларды
Abl.	simplic- ior -e қарапайымдаумен		simplic- ior -ībus қарапайымдаулармен	

Күшейтпелі шырай

1) Көптеген сын есімдер түбірге *-issim-* жұрнағы жалғануы арқылы және родтық жалғаулар жалғануы арқылы жасалады *-us, -a, -um*.

Мысалы, *simplicissimus, a, um* «ең қарапайым» (очень простой, очень простая, очень простое)

2) nom.sing. мужского рода на *-er* мужской род жұрнағы жалғанған сын есімдер, *-rim* жұрнағы және родовых окончаний *-us, -a, -um* күшейтпелі шырай жасайды.

Мысалы, сын есімнің күшейтпелі шырайы *celer, is, e* «жылдам» - *celerrimus, -a, -um* - «ең жылдам».

Сын есімнің күшейткіш шырайы I-II жіктеулер бойынша жіктеледі (m, n – 2 септ., f -1 септ.)

Сын есі шырайларының жіктелі үлгілері

	m	f	n
Nom.	simplic- issim -us	simplic- issim -a	simplic- issim -um
Gen.	simplic- issim -i	simplic- issim -ae	simplic- issim -i
Dat.	simplic- issim -o	simplic- issim -ae	simplic- issim -o
Acc.	simplic- issim -um	simplic- issim -am	simplic- issim -um
Abl.	simplic- issim -o	simplic- issim -a	simplic- issim -o
Nom.	simplic- issim -i	simplic- issim -ae	simplic- issim -a
Gen.	simplic- issim -ōrum	simplic- issim -ārum	simplic- issim -ōrum
Dat.	simplic- issim -is	simplic- issim -is	simplic- issim -is
Acc.	simplic- issim -os	simplic- issim -as	simplic- issim -a
Abl.	simplic- issim -is	simplic- issim -is	simplic- issim -is

Nom. Ең қарапайым

Ең қарапайымдар

Gen. Ең қарапайымның

Ең қарапайымдардың

Dat. Ең қарапайымға

Ең қарапайымдарға

Acc. Ең қарапайымды

Ең қарапайымдарды

Abl. Ең қарапайыммен

Ең қарапайымдармен

Бұрыс шырайлар

Бірнеше латын сын есімдерінің шырайлары әртүрлі негіздерден құралады:

Жай шырай	Салыстырмалы шырай	Күшейтпелі шырай
magnus, a, um — үлкен	Major (m, f) — үлкенірек majus (n) — үлкенірек	Maximus — ең үлкен Maxima — ең үлкен Maximum — ең үлкен
parvus, a, um — кішкене	Minor (m, f) — азырақ Minus (n) — азырақ	Minimus — ең кішкене Minima — ең кішкене Minimum — ең кішкене
bonus, a, um — жақсы	Melior (m, f) — жақсырақ Melius (n) — жақсырақ	Optimus — ең жақсы Optima — ең жақсы Optimum — ең жақсы
malus, a, um — жаман	Pejor (m, f) — нашарлау pejus (n) — нашарлау	Pessimus — ең жаман Pessima — ең жаман pessimum — ең жаман

Кеңістік жағдайын анықтайтын алты сын есім жай шырай бола алмайды және салыстырмалы шырай формасында қолданылады да жай шырай мағынасын береді:

anterior, ius — алдыңғы – передний (-яя, -ее)	posterior, ius — артқы - задний (- яя, -ее)
superior, ius — үстіңгі - верхний (-яя, -ее)	inferior, ius — астыңғы - нижний (- яя, -ее)

Шырайлардағы септіктер синтаксисі

Сын есімнің салыстырмалы шырайында екі конструкция болуы мүмкін: quam «немен» шылауымен – сонда салыстыру нысаны сын есім тұрған септікте болады; шылаусыз – сонда салыстыру нысаны көмектес септікте болады. Мысалы,

Aqua levior est, quam ferrum – Су темірге қарағанда жеңіл;

Aqua levior ferro est – Су темірден жеңіл.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

1. Ауызша септеңіз: сары жидек, сыртқы дәрі, қызыл шырын.

2. Қиысқан және қиыспаған анықтауыштарды ажырата отырып, келесі сөз тіркестерін аударыңыз:

1) таза кодеин, таза несепнәр, желатин капсулалары, қайың бүршіктері, крахмал қайнатпасы (қиыспаған анықтауыш), ақ және сары балауыз;

2) шайқурайдың сұйық сығындысы, медициналық майлар, ақ стрептоцид, ақ стрептоцид таблеткалары, эфир тұнбасы, шүйгіншөп тұнбасы, ащы бадам (жеміс), қабықпен қапталған пирацетам таблеткалары;

3) сұйық пластырьлер, сары вазелин, шырғанақ майы, эфир майлары, үпілмәлік майы, сұр жақпамай, сынап майы, әніс майы;

Негізгі тұздардың латын атаулары орта тұздардың атаулары сияқты құралады, бірақ **sub-** сөз алды қосымшасымен. Мысалы: *Bismuthi subnitras* – висмуттың негізгі нитраты (висмуттың субнитраты) – основной нитрат висмута.

Натрий мен калий тұздары

Натрий мен калий тұздарының атаулары дәрілік заттың атауына дефис арқылы **-natrium** немесе **-kalium** атау септіктегі атауды қосу арқылы жасалады. Мысалы:

Sulfacylum-natrium – сульфацил-натрий

Barbitalum-natrium – барбитал-натрий

Грек сан есімдері – химиялық номенклатурадағы префикстер

Келесі грек сан есімдері-префикстерін есте сақтаңыз

1 – **mono(o)** – моно- немесе бір-

2 – **di-** ди- немесе екі-

3 – **tri-** үш-

9 – **ennea-** немесе лат. **non(a)-** эннеа- немесе нона-

10 – **dec(a)** дек(а)

4 – tetra- тетра-
5 – penta- пента-
6 – hexa- гекса-
7 – hept(a)- гепта-
8 – oct(a)- окта-

11 – undeca- ундека-
12 – dodeca- додека-
13 – trideca- тридека-
14 – tetradeca- тетрадека-
15 – pentadeca- пентадека

Кейбір көмірсутектердің, көмірсутекті және қышқыл радикалдарының атаулары

1. Қанық көмірсутектердің жүйелі атаулары сандардың грек атауларының негіздерінен **-an** жұрнағы арқылы жасалады. Мысалы:

pentanum (C_5H_{12}) – пентан
hexanum (C_6H_{14}) – гексан
heptanum (C_7H_{16}) – гептан
octanum (C_8H_{18}) – октан
nonanum (C_9H_{20}) – нонан
decanum ($C_{10}H_{22}$) – декан
undecanum ($C_{11}H_{24}$) – ундекан
dodecanum ($C_{12}H_{26}$) – додекан

2. Көмірсутекті және қышқыл радикалдарының латын атаулары тиісті көмірсутектер немесе қышқылдар атауларының түбірлеріне **-yl** жұрнағы мен **-ium** жалғауын жалғау арқылы жасалады.

Мысалы:

көмірсутек	methanum (CH_4)
	aethanum (C_2H_6)
	pentanum (C_5H_{12})
радикал	methylum (CH_3) – метил
	aethylum (C_2H_5) – этил
	pentylum amylium (C_5H_{11}) – пентил или амил
қышқыл	ac.aceticum
	ac.formicicum
радикал	acetylium (CH_3CO) – ацетил
	formylium (HCO) – формил

Тақырып бойынша тапсырмалар:

1. Жазбаша аударыңыз:

- 1Ал: Атропин сульфатының 0,1
Дистилденген судың 10 мл.
Араластыр. Босат.
Белгіле
- 2Ал: Цианды сынаптың 0,3
Дистилденген судың 15 мл.

- Араластыр. Зарарсыздандыр!
Босат. Белгіле
- 3Ал: Натрий нитритінің 2,0
Дистилденген судың 200 мл.
Араластыр. Босат.
Белгіле
- 4Ал: Пилокарпин гидрохлоридінің 0,1
Дистилденген судың 10 мл.
Араластыр. Босат.
Белгіле
- 5Ал: Натрий тетраборатының 2,0
Хинин гидрохлоридінің 1,5
Глицериннің 30,0
Араластыр. Босат.
Белгіле
- 6Ал: Кодеин фосфатының 0,15
Фенобарбиталдың 1,0
Калий бромидінің
Натрий бромидінің 7,0-ден
Натрий нитратының 1,0
Дистилденген судың 300 мл-ге дейін
Араластыр. Босат.
Белгіле
- 7Ал: Хлорлы кальцийдің 10,0
Дистилденген судың 200 мл.
Араластыр. Босат.
Белгіле
- 8 Ал: Кальций глюконаты ерітіндісінің 10% 5 мл
Босат.
Белгіле:
- 9 Ал: Кодеин фосфаты ерітіндісінің 0,02 % 100 мл
Босат.
Белгіле:

2. Жазбаша аударыңыз:

1. Цинк сульфаты. 2. Эстрадиол бензоаты. 3. Калий сульфаты мен алюминий сульфаты. 4. Сынап цианиді. 5. Линкомицин гидрохлориді. 6. Левомецетин стеараты. 7. Кальций оксалаты. 8. Магнийдың негізгі карбонаты. 9. Мыс цитратының жақпамайы. 10. Калий йодидінің жақпамайы. 11. Кодеин фосфатының таблеткалары. 12. Калий бромидінің таблеткалары. 13. Морфин гидрохлоридінің таблеткалары. 14. Хлортетрациклин көз майы.

3. Сан есім – префикс бойынша келесі моносахаридтердің (моноздардың) құрамында көміртектің неше атомы бар екенін анықтаңыз (монозы): гексоздар, тетроздар, гептоздар, пентоздар, декоздар, октоздар.

4. Қазақ тіліне аударыңыз және *Gen. Sing.* қойыңыз:

Acidum acetylsalicylicum, Acidum lacticum, Acidum hydrocyanicum, Natrii salicylas, Atropini sulfas, Kalii iodidum, Magnii oxidum, Natrii sulfis, Aluminium hydroxidum, Codeini phosphas, Papaverini hydrochloridum, Bismuthi subnitras, Thiopentalum-natrium, Norsulfazolium-natrium, Phenylis salicylas, Thiamini bromidum, Coffeinum-natrii benzoidas.

5. Оттекті қышқылдардың тұздар атауларын құраңыз *Nom.et Gen. Sing*

а) Оттектің үлкен мөлшерімен

Үлгі: темір лактаты *Nom. Ferri lactas*

Gen. Ferri lactatis

1. Кальций глицерофосфаты
2. Магний сульфаты
3. Мыс нитраты
4. Кодеин фосфаты
5. Натрий нитраты
6. Сынап салицилаты
7. Неомицин сульфаты
8. Күміс нитраты
9. Натрий ацетаты
10. Магний карбонаты

б) Оттектің аз мөлшерімен

Үлгі: натрий нитриті *Nom. Natrii nitris*

Gen. Natrii nitritis

1. Калий арсениті
2. Күміс нитриті
3. Мырыш сульфиті
4. Алюминий нитриті
5. Калий сульфиті
6. Мыс нитриті
7. Натрий сульфиті
8. Калий нитриті
9. Кальций сульфиті
10. Калий фосфиті

в) оттексіз қышқылдар

Үлгі: натрий сульфиді *Nom. Natrii sulfidum*

Gen. Natrii sulfidi

1. Сынап йодиді
2. Кальций хлориді
3. Барий сульфиді
4. Мырыш хлориді
5. Сынап цианиді
6. Азот хлориді

7. Алюминий йодиді
8. Алюминий нитридi
9. Висмут сульфиді
10. Темір бромиді

г) негізгі тұздар

*Үлгі: магнийдің негізгі карбонаты Nom. Magnii subcarbonas
Gen. Magnii subcarbonatis*

1. висмуттың негізгі нитраты
2. қорғасынның негізгі ацетаты
3. темірдің негізгі галлаты
4. натрийдің негізгі карбонаты
5. темірдің негізгі сульфаты

д) қышқыл тұздар

*Үлгі: натрий гидрокарбонаты Nom. Natrii hydrocarbonas
Gen. Natrii hydrocarbonatis*

1. Платифиллин гидротартраты
2. Натрий гидроцитраты
3. Тетрациклин гидрохлориді
4. Папаверин гидрохлориді
5. Морфин гидрохлориді

е) негізбен

*Үлгі: бензилпенициллин-натрий (бензилпенициллин-натрий тұзы)
Nom. Benzylpenicillinum - natrium
Gen. Benzylpenicillini – natrii*

1. сульфацил-натрий
2. барбитал-натрий
3. сульфамиридазин натрий тұзы
4. бензилпенициллин калий тұзы
5. этазол-натрий
6. тиопентал натрий тұзы
7. ампициллин натрий тұзы
8. амитал-натрий
9. бензилпенициллин новокаин тұзы
10. оксациллин натрий тұзы

6. Эфирлер атауларын құраңыз Nom.et Gen. Sing:

*Үлгі: метилсалицилат Nom. Methylii salicylas
Gen. Methylii salicylatis*

1. амилнитрит
2. фенилсалицилат
3. этилхлорид
4. этилнитрат
5. этилнинитрит

Лексикалық минимум Аниондардың атаулары

acetas, atis m - ацетат
benzoas, atis m - бензоат
hydrocarbonas, atis m - гидрокарбонат
glycerophosphas, atis m - глицерофосфат
gluconas, atis m – глюконат
nitras, atis m - нитрат
nitris, itis m - нитрит
oxydum, i n - оксид
peroxydum, i n - пероксид
salicylas, atis m - салицилат
sulfas, atis m - сульфат
sulfis, itis m - сульфит
phosphas, atis m - фосфат
cyanidum, i n - цианид
oenanthas, atis m - энантат

Тұздардың және эфирлердің атаулары

Amylii nitris (itis) - амил нитриті - амилнитрит
Methylis salicylas (atis) – метил салицилаты - метилсалицилат
Phenylii salicylas (atis) – фенил салицилаты - фенилсалицилат
Coffeinum (i)-natrii benzoas (atis) - натрий кофеин-бензоаты - кофеин-бензоат
натрия
Natrii tetraboras (atis) (Borax, acis f) - натрий тетрабораты (бора)
Benzylpenicillinum (i) natrium (i) - бензилпенициллинді натрий тұзы -
бензилпенициллина-натриевая соль
Methicillinum (i) – natrium (i) – метициллин натрий тұзы - метициллина-
натриевая соль
Oxacillinum (i)-natrium (i) - оксациллин натрий тұзы - оксациллин-натрий
Sulfacylum (i) - natrium (i) - сульфацил натрий тұзы - сульфацил-натрий
Thiopentalum (i) - natrium (i) - тиопентал натрий тұзы - тиопентал-натрий
Chlorali hydras (atis) – хлорал гидраты - хлорагидрат
Aethazolum (i) - natrium (i) – этазол натрий тұзы - этазол-натрий
Aethylis chloridum (i) - этил хлориді - этилхлорид

21. III СЕПТЕУ: НЕГІЗІН АНЫҚТАУ, СӨЗДІК ФОРМАСЫ. III СЕПТЕУДЕГІ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ТИПТЕРІ

Зат есімдердің III септігі.

III септікке барлық үш тектегі зат есімдер жатады, ілік септіктің жекеше түрінде *-is* ақталады. III септіктегі зат есімдердің негізінде өзгерістер жиі болғанымен, сөздік мақаласында ілік септіктің жалғауымен бірге негіздің бөлшегі берілуі мүмкін, мысалы, *solutio, ōnis f* – ерітінді.

III септіктің зат есімдерінің негізі септік жалғауын түсіріп тастап, ілік септіктің түрі бойынша анықталады, мысалы, *Adonis, idis f (m)* – жалынгүл, *Thermopsis, idis f* – термопсис (*adonid-* және *thermopsid-*).

Негіздің түрі мен септіктің жалғаулары түріне байланысты III септіктің зат есімдері 3 түрге бөлінеді: дауыссыз, дауысты және аралас.

III септіктің дауыссыз түрі

III септіктің дауыссыз түріне барлық 3 тектің зат есімдері жатады (m, f, n), олар *екі шартқа сай* келіп тұр:

1) бірдей емес күрделілігі, ілік септіктің жекеше түрінде буындардың саны атау септіктің жекеше түріне қарағанда көп, *so/lu/ti/o* (4 буын), *so/lu/ti/o/nis* (5 буын) *f* – ерітінді, *бірдей емес күрделілігі зат есім*;

2) бір дауыссызға аяқталатын негізбен, мысалы, негіз *solution-* *бір дауыссызға аяқталды*.

III септіктің зат есімдерінің септік жалғаулары

	Sing.		Pl.	
	m, f	n	m, f	n
Nominatīvus	Сөздікте қара		-es	-a
Genetīvus	-is		-um	
Datīvus	-i		-ībus	
Accusatīvus	-em	Nom.	-es	-a
Ablatīvus	-e		-ībus	

Дауыссыз түрдегі зат есімдердің септелуі үлгісі
solutio, ōnis f – ерітінді, *Sulfur, uris n* – күкірт.

	Sing.		Pl.	
	mf	n	mf	n
Nominatīvus	<i>solutio</i>	<i>sulfur</i>	<i>solutiones</i>	<i>sulfura</i>
Genetīvus	<i>solutionis</i>	<i>sulfuris</i>	<i>solutionum</i>	<i>sulfurum</i>
Datīvus	<i>solutioni</i> <i>sulfuri</i>		<i>solutionibus</i> <i>sulfuribus</i>	
Accusatīvus	<i>solutionem</i>	<i>sulfur</i>	<i>solutiones</i> <i>sulfura</i>	
Ablatīvus	<i>solutione</i>	<i>sulfure</i>	<i>solutionibus</i> <i>sulfuribus</i>	

III септіктің зат есімдерінің аралас түрі.

Аралас түрдегі зат есімдердің екі тобын ажыратады:

1) nom.sing. аяқталатын күрделілігі бірдей зат есімдер (A.c., ж.т.) *-is* немесе *-es*, мысалы, *avis, is f* - құс; *Ribes, is n* - қарақат;

2) негізі 2 немесе одан көп дауыссыздарға аяқталатын күрделілігі бірдей емес зат есімдер, мысалы, *cor, cordis n* – жүрек, *os, ossis n* – сүйек.

Аралас септік дауыссыз септіктен gen. plur. түрімен ерекшеленеді *-ium*. жалғауы.

III септіктің зат есімдерінің аралас түрінің септік жалғаулары

	Sing.		Pl.	
	m, f	n	m, f	n
Nominatīvus	Сөздікте қара		-es	-a
Genetīvus	-is		-ium	
Datīvus	-i		-ībus	
Accusatīvus	-em	Nom.	-es	-a
Ablatīvus	-e		-ībus	

Аралас түрдегі зат есімдерінің септелуі үлгісі

avis, is f - құс - III септіктің зат есімдерінің аралас түрі (өйткені зат есімнің күрделілігі бірдей);

cor, cordis n - жүрек - аралас түрдегі зат есім (оның *cord-*негізі 2 дауыссызға аяқталады).

	Sing.		Pl.	
	mf	n	mf	n
Nominatīvus	<i>avis</i>	<i>cor</i>	<i>aves</i>	<i>corda</i>
Genetīvus	<i>avis</i>	<i>cordis</i>	<i>avium</i>	<i>cordium</i>
Datīvus	<i>avi</i>	<i>cordi</i>	<i>avībus</i>	<i>cordībus</i>
Accusatīvus	<i>avem</i>	<i>cor</i>	<i>aves</i>	<i>corda</i>
Ablatīvus	<i>ave</i>	<i>corde</i>	<i>avībus</i>	<i>cordībus</i>

III септіктің зат есімдерінің дауысты түрі

III дауысты септікке nom. Sing аяқталатын орта тектегі зат есімдер жатады (A.c., жек.түрі) *-e, -al, -ar*, мысалы, *Secale, -is n* - қарабидай; *animal, -is n* - жануар; *Nuphar, āris n* – кубышка (өсімдік), *exemplar, exemplaris n* – үлгі, мысалы

III септіктің зат есімдерінің дауысты түрінің септік жалғаулары

	Sing.	Pl.
Nominatīvus	-e, -al, -ar	-ia
Genetīvus	-is	-ium
Datīvus	-i	-ībus
Accusatīvus	= Nom.	-ia
Ablatīvus	-i	-ībus

Дауысты түрдегі зат есімдердің септелуі үлгісі

III септіктің зат есімі - жалғауы –*is* ілік септікте, дауысты түрлі, өйткені орта текті зат есім, –*ar-ge* аяқталады.

	Sing.	Pl.
Nominatīvus	<i>exemplar</i>	<i>exemplaria</i>
Genetīvus	<i>exemplaris</i>	<i>exemplarium</i>
Datīvus	<i>exemplari</i>	<i>exemplaribus</i>
Accusatīvus	<i>exemplar</i>	<i>exemplaria</i>
Ablatīvus	<i>exemplari</i>	<i>exemplaribus</i>

Келесі кестеде аралас және дауысты түрдегі зат есімдерді дауыссыз түрдегі зат есімдерден ажырататын жалғаулар беріліп тұр.

III септіктің әртүрлілігі	Септік,		
	Көмектес септік, жекеше түрі	Ілік септік, көпше түрі	Атау септік, табыс септік, көпше түрі (орта текте)
Дауыссыз	-e	-um	-a
Аралас	-e	-ium	-a
Дауысты	-i	-ium	-ia

Тақырып бойынша тапсырмалар:

1. Төменде берілген сөздерді түрлері бойынша ажыратыңыз: дауыссыз түрі, дауысты түрі, аралас түрі, әрбір сөздің негізін анықтаңыз.

genus, ěris n; solutio, ōnis f; manuāle, is n; Bidens, ntis f; avis, is f; Adonis, idis f (m); sapor, ōris m; cor, cordis n, pestis, is f; os, ossis n; Vitis, is f; pulvis, ěris m; stigma, ātis n; ars, artis f, nitras, ātis m; nitris, ĩtis m; mare, is n; dens, dentis m; exemplar, āris n; stipes, itis m; pubes, is f; mucilāgo, inis f; Secāle, is n; os, oris n, radix, icis f; Ribes, is n; rhizōma, ātis n; Nuphar, āris n.

2. Сөздік форма бойынша әрбір зат есімнің септігін анықтаңыз:

hortus, i m; salus, ūtis f; bacillus, i m; corpus, opis n; magister, tri m; cancer, cri m; gaster, tris f, venter, tris m; gemma, ae f; stigma, atis n.

3. Сөздіктен сөздік форманы көшіріп жазыңыз және сөздердің негіздерін анықтаңыз: homo, abdōmen, Adōnis, caput, auctor, pulmo, hirūdo, pulvis, rhizōma, Digitālis, Nuphar, alūmen, hepar.

4. Сын есімнің зат есіммен қиысуын жасаңыз:

Қызыл гүл (flos, floris m, ruber, bra, brum), ақ шырыш (mucilāgo, inis f; albus, a, um), хош иісті сабын (sapo, ōnis m; aromaticus, a, um), ақ тамыр сабақ (rhizōma, ātis, n), майлы ерітінді (soluti, ōnis f; oleōsus, a, um), оң жақ өкпе (pulmo, ōnis m; dexter, tra, trum), шөгінді күкірт (sulfur, uris n; praecipitātus, a, um).

5. Септіктің түрі мен сөздердің тектерін ескере отырып, жазбаша септеңіз:

Nomen, inis n – ат; avis, is f – құс; dens, dentis m – тіс; vegetabile, is n – өсімдік; liquor, ōris m – сұйықтық.

6. Сөз тіркестерін жазбаша септеңіз: sal amārum – ащы тұз; phosphas exsiccātus – кептірілген фосфат; nux matūra – піскен жаңғақ.

7. Жазбаша аударыңыз:

Магний гидроксиді; олеандомицин форсфаты; кальций пангаматы; оксациллин натрий тұзы; цинк валерианаты; диэтилстильбэстрол пропионаты; неомицин сульфаты; дезоксикортикостерон ацетаты; ампициллин тригидраты; кальций глюконаты таблеткалары; гидрохлорид эфедрин таблеткалары; прегнантол цитратының қабықпен қапталған таблеткалары.

Лексикалық минимум

avis, is f – құс - птица
ars, artis f – өнер - искусство
cor, cordis n - жүрек - сердце
corpus, opis n – дене - тело
dens, dentis m – тіс - зуб
gaster, tris f – асқазан, қарын - желудок
mucilāgo, inis f – шырыш - слизь
os, ossis n – сүйек – кость
os, oris n - ауыз - рот
pes, pedis m – аяқ - нога
radix, icis f – тамыр - корень
Ribes, is n – қарақат - смородина
rhizōma, ātis n - тамыр сабағы - корневище
solutio, ōnis f – ерітінді - раствор
Secāle, is n – қарабидай - рожь
stigma, atis n - өсімдік аналығы - рыльце
vegetabile, is n – өсімдік - растение

**22. III СЕПТЕУДЕГІ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ТЕГІ.
III СЕПТЕУДЕГІ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ТЕГІН АНЫҚТАУ.
III СЕПТЕУДЕГІ АТАЛЫҚ ТЕГІНДЕГІ ЗАТ ЕСІМДЕР**

III септіктің зат есімдерінің тегін анықтау

Зат есімдердің тегі жекеше түрдегі атау септіктің жалғаулары бойынша анықталады. Тек қана кейбір жағдайларда бұл жеткіліксіз болады: сонымен бірге *негіздің түрі* есепке алынады. Мысалы үшін, –us аяқталатын зат есімдердің ілік септікте –utis, udis аяқталатындары аналық текке жатады, ал –oris, –eris аяқталатындары орталық текке жатады. Мысалы:

salus, utis f	– құтылыс, жазылу
palus, udis f	– батпақ
corpus, oris n	– дене
opus, eris n	– іс, жұмыс

III септіктің зат есімдерінің әрбір тегіне тән жекеше түрдегі атау септіктің жалғауларын естеріңізде сақтаңыздар.

III септіктің аталық тектегі зат есімдері

Аталық текке жекеше түрдегі атау септікте **-os, -or, -o, -er, -ex, -es** аяқталатын зат есімдер жатады.

Жекеше түрдегі атау септіктің белгілі бір жалғауына жекеше түрдегі ілік септіктен бөлінетін белгілі негіздің түрі сәйкес келеді. Бұны келесі мысалдардан байқауға болады.

Аталық тектегі зат есімдерінің үлгілері

Жалғаулар	Негіздің түрі	Зат есімдер		Аударма
		Nominativus	Genetivus	
-os	-ōris	flos	floris	гүл
-or	-ōris	sapor	sapōris	дәм
-o	-ōnis, -inis	carbo	carbōnis	көмір
		homo	hominis	адам
-er	-(e)ris	aether	aetheris	эфир
-ex	-icis	cortex	cortices	қабық
-es	-itis, -etis	stipes	stipitis	сабақ
	-dis	pes	pedis	аяқ, табан

Келесі номенклатуралық сөйлемшелерді есте сақтаңыздар

1. Фармакопепялар мен рецепттерде «ерітінді» мағынасында solutio, ōnis f сөзі қолданылады. Тек кейбір атауларда дәстүрлі түрде бұл мағынада liquor, ōris m сөзі қолданылады:

liquor Aluminium subacetatis seu liquor Burōvi – негізгі ацетат ерітіндісі алюминий, немесе Буров сұйықтығы

liquor Kalii arsenitis seu liquor arsenicālis Fowleri – калий арсениті ерітіндісі, немесе Фаулер күшән ерітіндісі

2. *Liquor* сөзі бар келесі латын атауларының орыс номенклатурасында ерекше саудалық атаулары бар:

liquor Ammonii anisatus – нашатырно-анисовые капли (мүсәтірлі-анис тамшысы)

liquor Ammonii caustici seu solutio Ammonii caustici – нашатырный спирт (мүсәтір спирті), немесе аммиак ерітіндісі

3. Егер дәрігер рецептті өзіне жазса, онда аурудың атының орнына ***pro auctore*** – автор үшін (рецепт жасаушы үшін) немесе ***pro me*** – маған (*me* – ego – мен есімдігінің көмектес септігі) деген сөздерді жазады.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

1. Жазбаша аударыңыз және септеңіз: ақ қабық, ақ түйнек.

2. Сөзді ілік септікке қойыңыз және оның негізін анықтаңыз:

tremor (дірілдеу); arx (бас жақ); dolor (ауру, азап); catheter (катетер, несепті шығаруға арналған құрал); sudor (тер); Rumex (қымыздық); paries (жақ); index (индекс, көрсеткіш); sphincter (қысқыш; тесікті қысатын бұлшық ет); stimulator (түрткіш); aer (ауа).

3. Жазбаша аударыңыз:

1. Күнбағыс гүлдері. 2. Ақ түйнек. 3. Эуфиллинмен суппозиторийлер. 4. «Карболен» таблеткалары, немесе белсендірілген көмір таблеткалары. 5. Шырғанақтың қабығы, жидектері және жапырақтары. 6. Долананың гүлдері мен жапырақтары. 7. Құмдық салаубас гүлдерінің қайнатпасы. 8. Жұмыршақ шөбі. 9. Диэтил эфири. 10. Адамның актиномицеті. 11. Эвкоммияның кесілген қабығы. 12. Түймедақ гүлдерінің ұнтағы (ұнтақты). 13. Итшомырт қабығының қайнатпасы. 14. Авторға арналған дәрі. 15. Терге қарсы сұйықтық. 16. Қара бұрыш (бот. атау). 17. Үшжапырақ субеделер (*trifolius, a, um*), немесе сулы жатаған бедек. 18. Ұйықтататын көкнәр (*somnifer, era, erum*). 19. Дәрмене жусанның гүлдері. 20. Мүсәтірлі-анис тамшысы.

4. Оқыңыз және аударыңыз:

1. *Capsella bursa-pastōris*. 2. *Extractum Rubiae tinctōrum*. 3. *Flores Sambūci nigrae exsiccātei*. 4. *Flores Verbasci*. 5. *Flores Tanacēti*. 6. *Balneum vapōris*. 7. *Liquor Novicovi*. 8. *Liquor Mitroschina*. 9. *Liquor ad clavos*. 10. *Herba Polygoni hydropiperis*. 11. *Tubera Salep*. 12. *Bulbotuber Colchici speciose*. 13. *Per os*. 14. *Folia Menyanthidis trifoliatae seu Trifolii fibrin*. 15. *Flores Papaveris somniferi*. 16. *Aether diaethylicus*. 17. *Liquor Alumini subacetatis*. 18. *Liquor Ammonii anisatus*. 19. *Solutio Ammonii caustici seu Liquor Ammonii caustici*. 20. *Cortex Viburni opuli*. 21. *Sapo medicates*. 22. *Nomenclaturae botanicae codex*. 23. *Gaster*. 24. *Saccharomyces Cerevisiae*.

5. Ауызша аударыңыз:

1. Recipe: *Liquōris Kalii arsenitis* 5 ml

Aquae Menthae 15 ml

Misce. Da.

Signa: 3 тамшыдан күніне 3 рет астан соң, содан кейін бір тамшыдан қосып, бір мезгілге 10 тамшыдан

2. Recipe: Infusi herbae Bursae pastoris ex 10,0 – 200 ml.

Da.

Signa: 1 ас қасықтан күніне 3 рет

3. Recipe: Florum Calendulae 30,0

Da.

Signa: Шай түрінде дәмдеу, шаю үшін

4. Recipe: Liquōris Amonii caustici 0,5 % - 30 ml

Da.

Signa: Қолды ысқылау үшін

5. Recipe: Decocti corticis Viburni 10,0 – 200 ml

Da.

Signa: Ас қасықтан күніне 3 рет

6. Recipe: Infusi flōrum Tiliae 500 ml

Da.

Signa: Шаю үшін

7. Recipe: Suppositoria cum Euphyllino 0,2 numero 6

Da.

Signa: 1 суппозиторийден күніне 2 рет

6. Жазбаша аударыңыз:

1. Ал: Мүсәтірлі-анис тамшысының 50 мл

Жалбызтікен шәрбатының 30,0

Дистилденген судың 200 мл дейін

Араластыр. Босат.

Белгіле: ас қасықтан күніне 3 рет

2. Ал: Жұмыршақ сұйық сығындысының 20 мл

Босат.

Белгіле: 20 тамшыдан күніне 3 рет

3. Ал: Сулы бұрыштың сұйық сығындысының 20 мл

Босат.

Белгіле: 20 – 30 тамшыдан күніне 2 – 3 рет

4. Ал: Үшжапырақ субеделер жапырақтары тұндырмасының 10,0 – 200 мл

Босат.

Белгіле: 1 ас қасықтан күніне 2 – 3 рет ас алдында

5. Ал: Буров сұйықтығының 100 мл

Босат.

Белгіле: Ауырған жерге тарту үшін 1:3

6. Ал: Белсендірілген көмірдің 100,0

Қорапшамен босат.

Белгіле: 2 – 3 ас қасықты 2 стақан суға араластыру

7. Ал: Эвкоммия қабығы қайнатпасының 10,0 – 200 мл
Босат.
Белгіле: 1 ас қасықтан күніне 3 рет
8. Ал: Түймедақ гүлдерінің 30,0
Босат.
Белгіле: Шай түрінде дәмдеу
9. Ал: Қандыағаш қабығы тұнбасының 15,0 – 200 мл
Босат.
Белгіле: 1 ас қасықтан күніне 3 – 4 рет
10. Ал: Натрий салицилатының 6,0
Натрий гидрокарбонатының 3,0
Жалбызды судың 20 мл
Дистилденген судың 180 мл дейін
Араластыр. Босат.
Белгіле: 1 ас қасықтан күніне 4 рет

Лексикалық минимум

III септіктің аталық тектегі зат есімдері

- flos, floris m – гүл - цветок
liquor, ōris m – сұйықтық - жидкость
color, ōris m – түс - цвет
auctor, ōris m – автор - автор, рецепт жасаушы (дәрігер)
sapo, ōnis m – сабын - мыло
carbo, ōnis m – көмір - уголь
pulmo, ōnis m – өкпе - легкое
homo, īnis m – адам - человек
aether, ēris m – эфир – эфир
cortex, īcis m – қабық - кора
Bursa pastōris – жұмыршақ (өсімдік), (pastor, oris m – бақташы) - пастушья сумка
pulvis, ēris m – ұнтақ - порошок

Зат есімдердің тегі туралы ережелердің ерекшеліктері

Орта тек ерешеліктері бойынша:

- Os, oris n – ауыз - рот
Papāver, eris n – көкнәр - мак
Piper, eris n – бұрыш - перец стручковый
Polygonum, Нудгорірег, eris n – бұрыш таран, сулы бұрыш - перец водяной
Tuber, eris n – түйнек - клубень

Аналық тек ерешеліктері бойынша:

- Menyanthes, idis f - вахта (тектік атау)

Номенклатуралық сөйлемшелер

liquor Aluminiumi subacetatis seu liquor Burōvi – негізгі ацетат ерітіндісі алюминий, немесе Буров сұйықтығы - раствор основного ацетата алюминия, или жидкость Булова.

liquor Kalii arsenitis seu liquor arsenicalis Fowleri – калий арсениті ерітіндісі, немесе Фаулер күшән ерітіндісі - раствор арсенита калия, или фаулеров раствор мышьяка.

liquor Ammonii anisatus – мүсәтірлі-анис тамшысы - нашатырно-анисовые капли.

liquor Ammonii caustici seu solutio Ammonii caustici – - мүсәтір спирті, немесе аммиак ерітіндісі - нашатырный спирт, или раствор аммиака.

23. III СЕПТЕУДЕГІ АНАЛЫҚ ТЕГІНДЕГІ ЖӘНЕ ОРТА ТЕКТЕГІ ЗАТ ЕСІМДЕР. ТЕК ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕРДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

III септіктің аналық тектегі зат есімдері

Аналық текке жекеше түрдегі атау септікте келесі жалғауларға аяқталатын зат есімдер жатады:

-s – pars, partis «бөлік»;

-x – nux, nucis «жаңғақ»;

-do, -go, -io – hirudo, ĩnis «сүлік»; mucilago, ĩnis «шырыш»; suspensio, ĩnis «суспензия».

-as – sanitas, ātis «денсаулық»;

-is – Adonis, idis «гүлзардақ»;

-es (бірдей күрделі) – nubes, is f «бұлт».

Зат есімдердің тегі туралы ережелердің ерекшеліктері

Аталық тек ерекшеліктері бойынша:

1) –as, –is –ке аяқталатын аниондар атаулары: sulfas «сульфат», sulfis «сульфит»;

2) pulvis, eris m «ұнтақ»;

- adeps, ipis m «май»;

Орта тек ерекшеліктері бойынша:

Ribes, is n «карақат»; ordo, ĩnis n «тәртіп», Echinopanax, acis n - заманиха

Тапсырмалар:

1. Жазбаша аударыңыз және септеңіз: қою шайыр, үлкен бөлік, тірі сүлік, кристалды нитрат.

2. Сөзді ілік септікке қойыңыз және оның негізін анықтаңыз:

Summitas	- бас жақ
Varietas термин)	- әртүрлілік (ботаникалық
Berberis (бірдей күрделі емес)	- бөріқарақат
Adonis (бірдей күрделі емес)	- жанаргүл, гүлзардақ
Propolis (бірдей күрделі емес)	- прополис (ара желімі)
Ononis (бірдей күрделі емес)	- құяңдәрі
Cutis (бірдей күрделі)	- тері
Auris (бірдей күрделі)	- құлақ
Rax	- әлем
Salix	- тал
Lux	- жарық
Magnitude	- мөлшер
Longitude	- ұзындық
Latitude	- ен
Origo	- шығу тегі
Congelatio	- үсу
Orchis (бірдей күрделі емес)	- сүйсін
Hamamelis (бірдей күрделі емес)	- гамамелис

3. Жазбаша аударыңыз:

1. Жүгері крахмалы. 2. Жалбызтікен тамырының қайнатпасы. 3. Темірі бар алоэ шәрбаты. 4. Бал арасы. 5. Жалынгүл шөбі. 6. Күрделі ұнтақ. 7. Шырғанақтың қабығы, жапырақтары және жидектері. 8. Жолжелкен жапырақтары. 9. Камфораның майлы ерітіндісі. 10. Қызылмияның күрделі ұнтағы.

4. Дауыстап оқыңыз және аударыңыз:

1. Suspensio Zinc-insulini amorphi pro injectionibus. 2. Unguentum contra congelationem. 3. Digitalis ciliate et Digitalis lanata. 4. Potential Hydrogenii (pH). 5. Plantago lanceolate et Tussilago farfara. 6. Pulvis antacidus. 7. Rhizoma Echinopanacis. 8. Adeps suillus depuratus seu axungia porcina depurata. 9. Pulvis aerophorus. 10. Menyanthes trifoliata seu Trifolium fibrinum. 11. Natrii phosphas exsiccatus. 12. Solution Hydrogenii peroxydi diluta. 13. Decoctum herbae Bidentis tripartitae. 14. Calcii sulfas ustus.

5. Жазбаша аударыңыз:

- Ал: Кристалды магний сульфатының 30,0
Қорапшамен босат.
Белгіле: 1 мезгілге стақан суда
- Ал: Бор қышқылы ерітіндісінің 2% 10 мл
Цинк сульфатының 0,03
Кокаин гидрохлориді ерітіндісінің 2% 0,1
Адреналин гидрохлориді ерітіндісінің 0,1% 5 тамшы
Араластыр. Босат..

- Белгіле: 2 тамшыдан күніне 2 рет
3. Ал: Оймақгүл жапырақтары тұнбасының 0,5 – 180 мл
Қант шәрбатының 20,0
Араластыр. Босат.
- Белгіле: 1 ас қасықтан күніне 3-5 рет
4. Ал: Сасықшөп тұнбасының 15 мл
Құсықжаңғақ тұнбасының 5 мл
Араластыр. Босат.
- Белгіле: 20 тамшыдан күніне 2 рет
5. Ал: Йодтың спиртті ерітіндісінің 5% 2 мл
Таниннің 3,0
Глицериннің 10 мл
Араластыр. Босат.
- Белгіле: Қызыл иекке жағу үшін
6. Ал: Салеп шырышының 50,0
Босат.
- Белгіле: 1 мезгіл қабылдау
7. Ал: Қойылтылған сутек тотығы ерітіндісінің 5 мл
Дистилденген судың 15 мл
Араластыр. Босат.
- Белгіле: Қызыл иекке жағу үшін

6. Дауыстап оқыңыз, ауызша аударыңыз.

1. Recipe: Granulorum Natrii para-aminosalicylatis 100.0
Da.
Signa: 1 шай қасықтан күніне 3 рет
2. Recipe: Liquoris Kalii arsenitis 4,0
Aguae Menthae 20 ml
Signa: 10-15 тамшыдан күніне 3 рет
3. Recipe: Tincturae Nicotiana glaucae 5 ml
Tincturae Convallariae
Tincturae Valerianae ana 10 ml
Misce. Da.
Signa: 20-25 тамшыдан күніне 3 рет
4. Recipe: Decocti foliorum Vitis idaeae ex 20.0-200 ml
Da.
Signa: 1 ас қасықтан күніне 3 – 4 рет
5. Recipe: Adonisidi
Natrii bromidi ana 6,0
Codeini phosphatis 0,2
Aquae destillatae 200 ml
Misce. Da.
Signa: 1 ас қасықтан күніне 3 рет
6. Recipe: Solutionis Calcii chloride crystallisati 20% 200 ml
Da.

- Signa: 1 ас қасықтан күніне 5 – 6 рет
7. Recipe: Solutionis Oxyprogesteroni caproatis oleosae pro injectionibus 12,5 % 1 ml
Da in ampullis numero 6
Signa: 1 мл –ден бұлшық ет ішіне аптасына 1 рет
8. Recipe: Solutionis Chlorali hydratis 1,0 – 200 ml
Mucilaginis amyli Triticici 30,0
Misce. Da.
Signa: 50-60 тамшыдан 1 мезгілге
9. Recipe: Infusi radiceis Ipecacuanhae 0,1 – 100 ml
Natrii benzoatis
Natrii hydrocarbonaris ana 1,0
Liquoris Ammonii anasati 1 ml
Sirupi Sacchari 20,0
Misce. Da.
Signa: 1 шай қасықтан күніне 3 – 5 рет (балаға 1 жыл бойы)

III септіктің орта тектегі зат есімдері

Орта текке жекеше түрдегі атау септікте **–en, –us** (ілік септікте-**ris**), **–ur, –ma, –e, –l, –ar** аяқталатын зат есімдер жатады.

–us аяқталатын сөздер аналық және орта тектегі болады. Орта тектегі сөздерде аналық тектегі сөздерге қарағанда ілік септікте **–oris** немесе **–eris** жалғаулары болады.

Орта тектегі зат есімдерінің үлгілері

Жалғаулары және негіздің түрі		Зат есімдер		Аудармасы
Nominativus	Genetivus	Nominativus	Genetivus	
-en	-inis	semen	semenis	Тұқым дене
-us	-oris	corpus	corpōris	
-ur	-eris	genus	genēris	тек
	-uris	sulfur	sulfuris	күкірт
-ma	-oris	jecur	jecoris	бауыр
	-atis	rhizōma	rhizomatis	тамыр сабақ
-e	-is	Secāle	Secālis	қарабидай
-l	-lis	mel	mellis	бал
-ar	-aris	Nuphar	Nuphāris	дүңгіршек (өсімд.)

–e, –al, –ar аяқталатын сөздер дауысты үлгімен септеледі.

Есте сақтаңыздар: **–ma** аяқталатын сөздер (ілік септ. **–atis**) – грек тілінен шыққан зат есім. Олар дауыссыз үлгімен септеледі, бірақ мынандай ерекшелігі бар: Dat. және Abl. pl. —ibus.орнына **–is** жалғауы жалғанады.

Тапсырмалар:

1. Жазбаша аударыңыз және септеңіз: сары дән, ақ тамыр сабақ, үй жануары.

2. Жазбаша аударыңыз:

1. Строфант тұқымы. 2. Бүлдіргелі жапырақ тамыр сабағы. 3. Тетрациклин суспензиясы. 4. Қандышөптің тамыр сабағы мен тамыры. 5. Маралтамырдың тамырымен тамыр сабағы. 6. Ащы бадам тұқымы. 7. Асқабақ тұқымы. 8. Шүйгіншөп тамырымен тамыр сабағы. 9. Серотонин адипинаты. 10. Суық шаю. 11. Гризеофульвин суспензиясы. 12. Фармацевтикалық дәрілердің атаулары. 13. Окситетрациклинмен ұнтақ. 14. Этил спирті. 15. Сүт қанты. 16. Сульфат сигмомицинінің ерітіндісі. 17. Сермене дәндерінің тұнбасы.

3. Дауыстап оқыңыз, ауызша аударыңыз.

1. Recipe: Aluminis 3,0

Decocti foliorum Salviae 300 ml

Misce. Da.

Signa: Тамақты шаю үшін

2. Recipe: Emulsi olei jecoris Aselli 200,0

Da in vitro fusco

Signa: 1 шай қасықтан күніне 2 рет

3. Recipe: Corporis vitrei 2 ml

Da in ampulla

Signa: Терінің астына 2 мл-ден

4. Recipe: Extracti stigmatum Maydis fluidi 20 ml

Da.

Signa: 30-40 тамшыдан күніне 2-3 рет ас алдында

5. Recipe: Olei Rusci

Sulfuris praecipitati aa 3,0

Vaselini ad 30,0

Misce. Da.

Signa: Жақпамай

6. Recipe: Extracti Filicis maris spissi 0,9

Mellis depurate 25,0

Misce. Da.

Signa: Бір сағаттың ішінде 2 мезгіл қабылдау (6 жастағы балаға кішкене таспа құртпен ауырған жағдайда)

7. Recipe: Infusi rhizomatis Calami 20,0 – 200 ml

Da.

Signa: 1 ас қасықтан күніне 3 рет 10 мин ас алдында

8. Recipe: Emulsi seminum Cucurbitae decorticaforum ex 50,0 – 200,0

Sirupi Citri unchiu 20,0

Misce. Da.

Signa: үпілмәлік майын тәңертең 2 мезгіл қабылдау, содан кейін бірнеше сағаттан соң 2 ас қасық қабылдау

9. Recipe: Salis carolini factitii 30,0

Da.

Signa: ұнтақтың 2 шай қасықтың $\frac{1}{2}$ стақан суға араластырып, түнге қабылдау

10. Recipe: Aspersio Amucozolini 2 % 100,0

Da.

Signa: Терінің аурған жеріне жағу

Лексикалық минимум

III септіктің аналық тектегі зат есімдері

pars, partis f – часть - бөлік

Adonis, idis f (m) – адонис, горюх – жанаргүл, гүлзардақ, жалынгүл

Thermopsis, idis f – термопсис, мышатник

Arachis, idis f – арахис – жер жаңғақ

Mays, ydis – маис, кукуруза - жүгері

apis, is f – пчела - ара

Vitis (is) idaea (ae) – брусника - итбүлдірген

Bidens, ntis f – череда - итошаған

Digitālis, is f – наперстянка - оймақгүл

Borax, ācis f – бура (тетраборат натрия)

Nux, nucis f – орех - жаңғақ

Strychnos (strychnus), i f – чилибуха

radix, īcis f – корень - тамыр

Filix, icis f – папоротник - қырыққұлақ

Filix mas (maris) – мужской папоротник – аталық қырыққұлақ

rix, ricis f – смола – қара май

rix liquida – деготь – шайыр

Hirūdo, inis f – пиявка - сүлік

Plantāgo, inis f – подорожник - жолжелкен

solutio, ōnis f – раствор – ерітінді

injection, ōnis f – инъекция - екпе

suspensio, ōnis f – суспензия - суспензия

aspersio, ōnis f – присыпка - сеппе

Зат есімдердің тегі туралы ережелердің ерекшеліктері

Аталық тек ерешеліктері бойынша:

1) Наименования анионов, оканчивающиеся на – as и –is.

Например: nitras, ātis m – нитрат, nitris, ītis m - нитрит

2) pulvis, ěris m – ұнтақ - порошок;

adeps, adipis m – май – сало;

adeps suillus – шошқа майы - свиное сало.

Орта тек ерешеліктері бойынша:

Ribes, is n – қарақат - смородина

Echinopanax, acis n – заманиха

III септіктің орта тектегі зат есімдері

Alumen, inis n – ашудас (латын тілінде тек қана жекеше түрде қолданылады)

Nomen, inis n – ат, атау – имя, название, наименование

Semen, inis n – тұқым - семя

Corpus, oris n – дене - тело

Tempus, oris n – уақыт - время; ex tempore – керектігіне қарай, қажеттілігіне қарай – по мере требования, по мере надобности.

Genus, eris n – тұқым, тұқымдас, ру, тек - род

Jecur, oris n – бауыр (теңіз жануарлары мен балықтарының) – печень (морских животных и рыб); oleum jecoris – балық майы – рыбий жир; oleum jecoris Aselli – нәлім бауырының майы – масло печени трески.

Asellus, i m – нәлімнің (треска) тривиалды латын атауы, ғылыми атауы – Gadus, i m

Sulfur, uris n – күкірт - сера

Rhizōma, atis n – тамыр сабағы - корневище

Stigma, atis n – аналық ауызы - рыльце

Secāle, is n – қарабидай - рожь

Animal, ālis n – жануар - животное

Sal, salis m, n – тұз - соль

Nuphar, āris n – дүңгіршек – кубышка (растение)

Mel, mellis n – бал - мед

Alcohol, lōlis n – алкоголь, спирт

Elixir, īris n – эликсир

Lac, lactis n – сүт - молоко

Caput, itis n – бас – голова, головка

Hepar, atis n – бауыр - печень

24. IV-V СЕПТЕУДЕГІ ЗАТ ЕСІМДЕР. «SPECIES» СӨЗІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Зат есімдердің IV септігі

IV-ші септікке жекеше түрдегі атау септікте –us немесе –и, ал жекеше түрдегі ілік септікте –us аяқталатын зат есімдер жатады. –us аяқталатын зат есімдер көбінесе аталық тектегі есімдер, –и аяқталатын зат есімдер орта тектегі есімдер, мысалы, *spiritus, us m* - спирт, *fructus, fructus m* – жеміс, *usus, usus m* - қолдану, *quercus, quercus f* – емен, *cornu, us n* – мүйіз.

IV-ші септіктің септік жалғаулары

casus	Sing.		Pl.	
	m	n	m	n
Nom.	-us	-u	-us	-ua
Gen.	-us	-us	-uum	-uum
Dat.	-ui	-u	-ībus	-ībus
Acc.	-um	-u	-us	-ua
Abl.	-u	-u	-ībus	-ībus

Септелу үлгісі

fructus, us m «жемiс» – IV-ші септіктің аталық тектегі зат есімі, өйткені ілік септікте оның –*us* жалғауы бар.

casus	Sing.	Pl.
Nominatīvus	fructus - жеміс	fructus - жемістер
Genetīvus	fructus - жемістің	fructuum - жемістердің
Datīvus	fructui - жеміске	fructībus - жемістерге
Accusatīvus	fructum - жемісті	fructus - жемістерді
Ablatīvus	fructu - жеміспен	fructībus - жемістермен

cornu, us n «мүйіз, қаптал» – IV-ші септіктің орта тектегі зат есімі

casus	Sing.	Pl.
Nominatīvus	cornu - мүйіз	cornua - мүйіздер
Genetīvus	cornus - мүйіздің	cornuum - мүйіздердің
Datīvus	cornu - мүйізге	cornībus - мүйіздерге
Accusatīvus	cornu - мүйізді	cornua - мүйіздерді
Ablatīvus	cornu - мүйізбен	cornībus - мүйіздермен

V септіктің зат есімдері

5-ші септікке жекеше түрдегі атау септікте –*es*, ал жекеше түрдегі ілік септікте –*ei* аяқталатын зат есімдер жатады, мысалы, *res, ei f* - іс, зат, *species, ei f* - жиынтық. V-ші септіктің түгелге жуық зат есімдері аналық тектегі зат есімдер.

V -ші септіктің септік жалғаулары

casus	Sing.	Pl.
Nominatīvus	-es	-es
Genetīvus	-ei	-ērum
Datīvus	-ei	-ēbus
Accusatīvus	-em	-es
Ablatīvus	-e	-ēbus

Септелу үлгісі

casus	Sing.	Pl.
Nominatīvu s	<i>species</i>	<i>species</i>
Genetīvus	<i>speciei</i>	<i>speciērum</i>
Datīvus	<i>speciei</i>	<i>speciēbus</i>
Accusatīvu s	<i>speciem</i>	<i>species</i>
Ablatīvus	<i>specie</i>	<i>speciēbus</i>

Species – жиынтық сөзінің қолданылуы туралы

5-ші септікке жататын сөздер көп емес. Олардың көбісі дерексіз ұғымдарды білдіреді, сондықтан олардың көпше түрі тіпті болмайды немесе ном. және асс. plur., ғана болады, мысалы, *species, ei f* «жиынтық» сөзі (кесілген немесе ұнтақталған және араластырылған жапырақтар, тамырлар, тұқымдардан ж.т.б. тұратын қатты дәрілік түрі) әдеттегідей, **көпше түрде** қолданылады. Көбінесе жиынтықтар - шай деп аталады және олардың терапевтикалық әсері сипатталады. Мысалы:

species antihæmorrhoidākes – геморройға қарсы жиынтық

species carminatīvæ – желқуар жиынтық

species cholagōgæ - өт айдайтын жиынтық

species diuretīcæ – несеп айдайтын жиынтық

species pectorālis – кеуделік жиынтық

species polyvitaminōsæ – поливитаминді жиынтық

species sedatīvæ – басатын жиынтық

species stomachicæ – асқазан шөпдәрі жиынтық

species gastrointestināles - асқазан-ішек жиынтық

Рецепттерде **жиынтық** атаулары көпше түрде ілік септікте жазылады, мысалы, *specierum pectoralium* - кеуделік жиынтықтарының.

Тақырып бойынша тапсырмалар:

1. Жазбаша аударыңыз және септеңіз: пайдалы зат.

2. Жазбаша аударыңыз.

1. Несеп айдайтын жиынтықтың құрамы: аюқұлақ жапырағының және арша жемістерінің 2 бөлігі, қызылмия тамырларының 1 бөлігі. 2. Іш өткізгіш жиынтықтың іш жүргізетін қаражеміс жемістері бар. 3. № 2 терлететін

жиынтықтың құрамы: өгейшөп жапырағының 4 бөлігі, киікоты шөбінің 2 бөлігі, таңқурай жемісінің 4 бөлігі. 4. Миндальдың екі түрі бар: ащы миндаль және тәтті миндаль. 5. Қышымаға қарсы жақпамайды жазып бер. 6. Құмдық салаубастың 4 бөлігі, үшқұлақ жапырағының 3 бөлігі, жалбыз жапырағының 2 бөлігі және күнзе жемістерінің 2 бөлігі өт айдайтын жиынтықты құрайды. 7. «Ливиан» аэрозолінің құрамы: ментол 69,45, балық майы – 20,0, токоферол ацетаты 0,001, анестезин 2,0, циминаль 0,05, күнбағыс майы 2,99, лаванда майы 0,5, спирт 95% 5 мл. 8. Поливитаминді жиынтықтың жазуы: итмұрынның ұнтақталған жемістерінің, таңқурайдың кесілген жапырағының, қызылжидектің кесілген жапырағының 40,0 -ден. 9. Норсульфазолдың жоғарғы тәуліктік мөлшері 7,0 құрайды. 10. Ащы жиынтықтың құрамы: көкгүлдің кесілген тамырларының 1 бөлігі, жусанның кесілген жапырағының 1 бөлігі.

11. Ингаляцияға арналған жиынтық брикетін бер. 12. «Бруснивер-Т» жиынтықта итошаған шөбінің 10%, итмұрын жемісінің 40% , шайқурай шөбінің 20% және аюқұлақ жапырағының 30% бар.

3. Жазбаша аударыңыз:

1. Ал: Несеп айдайтын жиынтығының 50,0
Қалтамен босат.

Белгіле: Шай түрінде дәмдеу

2. Ал: Жалбызтікен тамырының
Қызылмия тамырының 10,0-ден
Қарапайым жебір шөбінің 40,0
Араластыр, жиынтық түзілсін
Босат.

Белгіле: Қайнаған суға дәмдеу

3. Ал: Итшомырт қабығының
Піштен жемісінің 15,0-ден
Ақ сабыншөптің 10,0
Аю бадам гүлдерінің
Түймедақ гүлдерінің 7,5-тен
Құлқайыр гүлдерінің 2,0
Араластыр, жиынтық түзілсін.
Босат.

Белгіле: Шай түрінде дәмдеу

4. Ал: Көктемгі жалынгүлі шөбінің 8,0
Бұрыш жалбызы жапырақтарының 1,0
Араластыр, жиынтық түзілсін

Осындай мөлшерде 6 санымен қағаз қалтамен босат.

Белгіле: Қайнатылған суытылған стакан суды үстінен құю,
15 минутқа қайнаған шәйнектің үстіне қою, содан кейін
сүзу.

4. Дауыстап оқыңыз, аударыңыз.

1. Aloe, succus aridus, e foliis aliquot specierum Aloes conficitur, plantarum per regions nonnullas coeli tropici sponte virentium, quae etiam sativae inveniuntur. 2. Medicus praescribit species emollients pro cataplasmatibus. 3. Hirudines medicinales in sanguinem hominis hirudinum, substantiam anticoagulantem emittunt. 4. Coque per diem leni calore in vase vitreo, postero die serva loco frigido. 5. Spiritus saponatus compositus – remedium est.

Зат есімдердің V септігі

Тақырып бойынша тапсырмалар:

1. Аударыңыз және септеңіз: тәтті жеміс.

2. Сөздік бойынша зат есімдердің септігін және тегін анықтаңыз:

genus, morbus, pectus, situs, hortus, salus, motus, sensus, locus, sinus, vulnus, visus.

3. Жазбаша аударыңыз.

1. Таңқурай жемістері. 2. Емен қабығы. 3. Шырғанақтың жаңа піскен жемістері. 4. Су қосылған этил спирті. 5. Долананың жемістері мен гүлдері. 6. Ас қорыту жолдарынан тыс қабылдауға арналған ерітінді. 7. Сыртқы қолдануға арналған ұнтақтар. 8. Шырғанақтың жемістері мен майы. 9. Итмұрын жемістерінен алынған Р витамині. 10. Емен қабығының қайнатпасы. 11. Іш жүргізетін қаражемістің жемістері. 12. Қытай серменесінің жемістері мен тұқымы. 13. Асқабақтың жаңа піскен жемісі. 14. Қарапайым әністің ұнтақталған жемістері. 15. Мал дәрігерлік қабылдауға арналған вакциналар мен сарысулар. 16. Қарақаттың жаңа піскен жемістері шәрбат дайындауда қолданылады. 17. Таңқурайдың кептірілген жемістері терлететін дәрі-дәрмек ретінде қолданылады. 18. Келесі эмульгаторларды ішкі қолдануға арналған эмульсия түрінде қабылдаңыздар: аравиялық шайыр, өрік шайыры. 19. Құмырсқа спиртінде құмырсқа қышқылы мен этил спирті 70% бар. 20. Өлімге ұшырайды. 21. Итмұрынның витаминдер қосылған шәрбаты. 22. Піштен жемістері. 23. Қаражемісті аронияның жаңа піскен немесе құрғақ жемісі. 24. Қаражемісті арония жемістерінен жасалған таблеткалар. 25. Бір жылдық (бұршаққынды) бұрыштың кесілген жемістері. 26. Қарапайым бүрген жемістері.

4. Оқыңыз және аударыңыз.

1. Fructus Crataegi. 2. Fructus seu baccae Juniperi. 3. Cor in situ. 4. Sensu stricto. 5. Infarctus myocardii. 6. Exitus letalis morbi. 7. Fructus Rosae. 8. Quercus pertaea. 9. Fructus Capsici concisus. 10. Decoctum fructuum Rhamni catharticae. 11. Spiritus aethylicus seu spiritus Vini. 12. Spiritus formicicus. 13. Fructus Carvi pulveratus. 14. Hydrogenium in statu nascendi. 15. Fructus Hippophaes maturi colore aurei, rubentes sunt. 16. In nucleis fructuum Juglandis viridium continetur oleum pingue (60 – 75 %) , vitamin A copiosum. 17. In fructibus Rosae maxima quantitas vitamin C autumn continetur. 18. Olea europaea arbor est, olive – fructus. 19. Vaccinium myrtillus; fructus Myrtilli. 20. Oleum fructuum et foliorum Hippophaes. 21. Spiritus aethylicus ad usum externum.

Лексикалық минимум Зат есімдердің ІҮ септігі

spiritus, us m – спирт
usus, us m – қолдану - употребление, применение
cornu, us n – мүйіз - рог, рожок
fructus, us m – жеміс - плод
Quercus, us f – емен - дуб
exitus, us m – исход

Зат есімдердің V септігі

species, eī f – 1) түр 2) жиынтық (дәрілік қалыптары) - 1) вид (в ботанике) 2) сбор (лекарственная форма)
dies, diēi f, m – день - күн
pro die – бір күнге
pro dosi – бір рет қабылдау үшін
res, ei f – іс, зат.

25. РЕЦЕПТІЛЕРДЕГІ ҚЫСҚАРТУЛАР

Рецепттерде әртүрлі қысқартулар қолданылады.

1. Әдетте: а) дәрілік тұлғалар атаулары; б) өсімдіктер органдарының атаулары; в) фармацевтерге берілетін әртүрлі нұқаулар, стандарт рецептура тұжырымдамалары қысқартылады.

2. Қандай дәрілік зат жазылғандығы анықтауға келмейтін атаулары ұқсас ингредиенттердің белгілерін қысқартуға болмайды.

3. Жалпы жұрт қабылдаған рецептура қысқартуларында әдетте сөздің алғашқы әріптер тобы немесе, сирегірек, сөздің немесе сөздердің алғашқы әрпі жазылады.

Ең маңызды жалпы жұрт қабылдаған рецептура қысқартуларын есте сақтаңыз

қысқартылуы	Толық жазылуы	мағынасы
āā	ana	бірдей мөлшерде
ac., acid.	acidum	қышқыл
add.	Adde (Addatur)	қос (қосу)
ad us. int.	ad usum internum	ішкі қабылдауға арналған
ad us ext.	ad usum externum	сыртқа қабылдауға арналған
aq.	aqua	су
aq. dest.	aqua destillata	дистилденген су
aq. purificatae	aquae purificatae	тазартылған су
bol.	bolus	саз

but.	butyrum	май (қатты)
but.Cac.	butyrum cacao	какао майы
comp., cps., cpt.	compositus	күрделі
concentr.	concentratus	концентратты
conc., concis.	concisus	кесілген, ұсақталған
crystall.	crystallisatus	кристалдық
cort.	cortex	қыртыс
D.	Da. / Detur. Dentur	Босат. / Босатылсын.
dec., dct.	decoctum	қайнатпа
dep.	depuratus	тазартылған
dil.	dilutus	сұйылтылған
div. in p. aeq.	divide in ... partes aequales	бірдей ... бөлшектерге бөл
S.	Signa / Signetur	Белгіле / Белгіленсін. Белгілеу
D.t.d.	Da (Dentur) tales doses	Осындай мөлшерде босат (босатылсын)
em., emuls.	emulsum	эмульсия
empl.	emplastrum	пластыр, жапсырма
extr.	extractum	сығынды
f.	fiat – sing. fiant – pl.	түзілсін (түзілетін болсын)
fl.	flos	гүл
fluid.	fluidus, a, um	сұйық
fol.	folium	жапырақ
fr.	fructus	жеміс
gel.	gelatinosus	желатинді
glob. vag.	globulus vaginalis	қынаптық шарлар
gran.	granulum	түйіршік
gtt. gtts.	guttam – Acc.sing. guttas – Acc.pl.	тамшы тамшыларды
h., hb.	herba	шөп
in amp., in ampl.	in ampullis	ампула түрінде, ампуларда
in caps. amyl.	in capsulis amylaceis	крахмал капсула түрінде
in caps. gel.	in capsulis gelatinosis	желатин капсула түрінде
in ch. cer.	in charta cerāta	балауыз қағазда
in ch. paraff.	in charta paraffināta	парафин қағазда
inf.	infusum	тұндырма
in tab.	in tabulettis	таблетка түрінде, таблеткаларда
in vitr. nigr.	in vitro nigro	қара шыны ыдыста
inf.	infūsum	тұндырма
linim.	linimentum	сұйық жақпамай, линимент
liq.	liquor	сұйықтық

M.	Misce / Misceatur	Араластыр / Араластырылсын. Араластыру.
M.D.S.	Misce. Da. Signa / Misceatur. Detur. Signetur	Араластыр. Босат. Белгіле/ Араластырылсын. Босатылсын. Белгіленсін.
